



**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҚІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА**

Кітапхана – Библиотека

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2025 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**КАЛЕНДАРЬ
ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
НА 2025 ГОД**

Ақтөбе - 2024

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2025 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2025 ГОД**



Кітапхана сайты



Онлайн кітапхана



Instagram



Facebook

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША 2025 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

Ақтөбе – 2024

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Қ 14

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі / бас. жауапты Жумабаев К.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасы. 2024. - 204 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасының ақпараттық - библиографиялық үрдістерді автоматтандыру бөлімі 2025 жылға арналған «Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылы аталып өтілетін және еске алатын күндер тізбегін» дайындап шығарды.

Күнтізбеге тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары енгізілді. Сонымен қатар, қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының мерейтойлық күндері, Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндер берілген.

Күнтізбе хронологиялық ретпен жүйеленген. «Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Жұлдызшамен (*) белгіленген күндерге қысқаша анықтама жазылды. Көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбе кітапханалар мен мәдени мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
2025 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

ҚАҢТАР

- 1 қаңтар*** Республикалық «*Казахстанская правда*» газеті шыққанына 105 жыл (1920)
- 1 қаңтар** **Жақсылық Тасмамбетов**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 70 жыл (1945)
- 5 қаңтар*** **Қадыр Мырзалиев**, халық жазушысы, ақын, туғанына 90 жыл (1935-2011)
- 6 қаңтар** **Исатай Нурлыбаев**, профессор химия ғылымдарының кандидаты, техника ғылымдары докторы, туғанына 85 жыл (1940)
- 10 қаңтар*** **Есенберлин Ілияс**, қазақ жазушы, туғанына 110 жыл (1915-1983)
- 10 қаңтар** **Әділғазы Қайырбеков**, ақын, әдебиетші, журналист, ғалым-филолог, қоғам қайраткері, туғанына 70 жыл (1955)
- 12 қаңтар*** **Сәбит Досанов**, жазушы, туғанына 85 жыл (1940-2024)



АҚПАН

- 2 ақпан**** ***Мұхтар Мағауин***, жазушы, туғанына 85 жыл (1940)
- 13 ақпан**** ***Ескендір Хасанғалиев***, әнші, композитор, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі, ҚР халық әртісі, туғанына 85 жыл (1940-2021)
- 15 ақпан**** ***Ермұхан Бекмаханов***, қазақ тарихшы ғалым, туғанына 115 жыл (1915-1966)
- 19 ақпан**** ***Сапар Байжанов***, жазушы, журналист, туғанына 95 жыл (1930-1999)

НАУРЫЗ

- 1 наурыз**** ***Қазақстан халқы Ассамблеясының*** құрылғанына 30 жыл (1995)
- 20 наурыз**** ***Тұманбай Молдағалиев***, халық ақыны, туғанына 90 жыл (1935-2011)
- 21 наурыз**** ***Қуандық Шаңғытбаев***, ақын, туғанына 100 жыл (1925-2001)
- 22 наурыз**** «***Ана тілі***» газетінің шыға бастағанына 35 жыл (1990)



СӘУІР

- 1 сәуір **** ***Нұрғиса Тілендиев***, сазгер, дирижер, туғанына 100 жыл (1925-1998)
- 19 сәуір**** ***Адам Мекебаев***, жазушы, ақын, публицист, туғанына 85 жыл (1940-2014)
- 26 сәуір**** ***Сәбит Мұқанов***, жазушы, қоғам қайраткері, туғанына 125 жыл (1900-1973)

МАМЫР

- 6 мамыр**** ***Рауф Кутуев***, жаяу әскер, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1925-1944)
- 9 мамыр**** ***Ұлы Жеңіске – 80 жыл*** (1945)
- 10 мамыр**** ***Мейірхан Ақдәулетов***, ақын, журналист, туғанына 75 жыл (1950)
- 12 мамыр**** ***Әнуар Әлімжанов***, қазақ жазушысы, туғанына 95 жыл (1930-1993)
- 16 мамыр**** ***Есенбай Дүйсенбайұлы***, ақын, журналист, туғанына 85 жыл (1940-2011)
- 30 мамыр**** ***Өмірзақ Шанов***, суретші, мүсінші, туғанына 75 жыл (1950)



МАУСЫМ

1 маусым* **Рымғали Нұрғали**, филология ғылымының докторы, профессор, туғанына 85 жыл (1940-2010)

1 маусым* **Қайрат Байбосынов**, әнші, туғанына 75 жыл (1950)

15 маусым* **Әлия Молдағұлова**, Кеңес Одағының Батыры, мерген, ефрейтор, туғанына 100 жыл (1925-1944)

ШІЛДЕ

6 шілде* **Нұрсұлтан Назарбаев**, Елбасы, туғанына 85 жыл (1940)

25 шілде* **Шәмшиябану Сатпаева**, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, туғанына 95 жыл (1930-2002)

29 шілде* **Қайыр Жұбанов**, ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 90 жыл (1935-2021)

ТАМЫЗ

10 тамыз* **Абай Құнанбайұлы**, ақын, ағартушы, туғанына 180 жыл (1845-1904)

15 тамыз* **Шәмші Қалдаяқов**, композитор, туғанына 95 жыл (1930-1992)



26 тамыз* **Қожабай Жазықов**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 105 жыл (1920-1982)

30 тамыз* **Қазақстан Республикасы Конституциясына** 30 жыл (1995)

ҚЫРКҮЙЕК

5 қыркүйек* **Жұбан Молдағалиев**, ақын, туғанына 105 жыл (1920-1988)

ҚАЗАН

3 қазан* **Иса Байзақов**, қазақтың халық ақыны, әнші, домбырашы, композитор, туғанына 125 жыл (1900-1946)

4 қазан* **Мәжит Мұқанов**, психология ғылымының докторы, профессор, туғанына 105 жыл (1920-1986)

5 қазан* **Кәрім Айнабеков**, ақын, туғанына 85 жыл (1940)

15 қазан **Әбу (Әбуғали) Сәрсенбайұлы**, ақын, жазушы, туғанына 120 жыл (1905-1995)

23 қазан* **Жақсылық Айжанов**, ақын, туғанына 75 жыл (1950)

ҚАРАША

2 қараша **Жиенғали Тілепбергенов**, жазушы, драматург, туғанына 130 жыл (1895-1933)



- 10 қараша*** *Үмбетай Уайдин*, ақын, сатирик, туғанына 90 жыл (1935-2018)
- 15 қараша** *Мәлік Ғабдуллин*, жазушы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, туғанына 100 жыл (1915-1973)
- 24 қараша*** *Сапарғали Бегалин*, жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, туғанына 130 жыл (1895-1983)
- 25 қараша*** *Міржақып Дулатұлы*, ақын, жазушы, ХХ ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі, туғанына 140 жыл (1885-1935)
- 27 қараша*** *Қалдыбай Бектаев*, ұстаз-ғалым, математик, лингвист, филология ғылымының докторы, профессор, туғанына 105 жыл (1920-1996)
- 28 қараша*** *Жұмекен Нәжімеденов*, ақын, туғанына 90 жыл (1935-1983)

ЖЕЛТОҚСАН

- 19 желтоқсан*** *Төлеген Тоқтаров*, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 105 жыл, (1920-1945)
- 24 желтоқсан*** *Бауыржан Момышұлы*, қазақ совет жазушысы, Совет Одағының батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері туғанына 115 жыл (1910-1982)
- 27 желтоқсан*** *Мұхамеджан Қаратаев*, қазақ әдебиеттанушысы, жазушы, критик, Қазақ ССР ғылым Академиясының академигі, туғанына 115 жыл (1910-1995)



ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ БЕЛГІСІЗ ҚАЙРАТКЕРЛЕР, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ТІЗІМІ

- ***Тілеу Айтұлы***, би, батыр қолбасшы, туғанына 395 жыл (1630-1684)
- ***Айшуақ хан***, туғанына 305 жыл (1720-1810)
- ***Ақтамберді Сарыұлы***, әйгілі жырау, батыр, қоғам қайраткері, туғанына 350 жыл (1675-1768)
- ***Ақтан батыр***, туғанына 255 жыл (1770-1854)
- ***Ақтан Керейұлы***, ақын, туғанына 175 жыл (1850-1912)
- ***Әбу-Насыр әл-Фараби***, ұлы ойшыл-ғалым, туғанына 1155 жыл (870-950)
- ***Нұрпейіс Байғанин***, ақын, туғанына 165 жыл (1860-1945)
- ***Сұлтан Баймағамбетов***, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 105 жыл (1920-1943)
- ***Жүсіп Баласағұни***, ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері, туғанына 1005 жыл (1020)
- ***Былшық би***, туғанына 165 жыл (1860-1933)
- ***Доспамбет жырау***, туғанына 535 жыл (1490-1523)
- ***Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*** құрылғанына 90 жыл (1935)
- ***Қазақ хандығының*** құрылғанына 560 жыл (1465)



- **Махмуд Қашқари**, ХІ ғасырдың көрнекті ғұлама ғалымы, туғанына 995 жыл (1030-1126)
- **Бөкенбай батыр Қараұлы**, кіші жүз батыры, туғанына 345 жыл (1680-1774)
- **Мөңке би**, туғанына 350 жыл (1675-ө.ж.б)
- **Бекет Мырзагұлұлы**, қазақтың әйгілі батыры, ағартушы, сәулетші, туғанына 275 жыл (1750-1813)
- **Абыл Тарақұлы**, күйші, халық композиторы, туғанына 205 жыл (1820 – 1892)
- **Тәуке хан**, қазақ ханы, туғанына 345 жыл (1680-1718)
- **Дәулеткерей Шығайұлы**, күйші, туғанына 205 жыл (1820-1887)
- **Қазтуған Сүйіншіұлы**, жырау, туғанына 605 жыл (1420-ө.ж.б.)



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

1 қаңтар

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
«КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА» газеті
шыққанына 105 жыл (1920)**

«Казахстанская правда» - республикалық қоғамдық-саяси газет, Қазақстандағы беделді мерзімді басылымдардың бірі. Құрылтайшы және шығарушы – «Казахстанская правда» республикалық газеті ашық акционерлік қоғамы. 1920 жылдың қаңтарынан қыркүйегіне дейін «Известия киргизского края», 1921 жылдың 1 шілдесінен 1923 жылдың 18 қарашасына дейін «Степная правда», 1923 жылдың желтоқсанынан 1931 жылдың аяғына дейін «Советская степь» атауымен жарық көрді. 1932 жылдың қарашасынан «Казахстанская правда» атымен шығып келеді. 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) ревкомының, 1921-23 жылы РК (б) П Қырғыз (Қазақ) ОАК және Кәсіпшілер одағы кеңесінің, 1937-91 жылдары Қазақстан КПОК-і, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кеңесінің органы болды, 1957 жылы ұйымдастырушылық және насихаттық қызметі үшін он мыңыншы санының жарық көруіне байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1991 жылдан республикалық, қоғамдық-саяси газет. «Казахстанская правда» еліміз бастан өткерген тарихи кезеңдер мен оқиғаларға дер кезінде үн қосып отырады. Республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріндегі жаңалықтарды жиі жариялап тұрады. Аптасына 5 рет орыс тілінде шығады.



Қадыр Гинаятұлы Мырзалиев, 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды. Оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асты. Тұңғыш жинағы «Көктем» 1959 жылы жарық көрді. 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жыл Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы Қадыр Мырза Әлі өлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЪЯС» сыйлығын алды. Қадыр Мырза Әлі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық таңдамалары жарық көрді. 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты. Ақын, Қадыр Мырзалиев 2011 жылы дүниеден озды.



Ілияс Есенберлин (1915-1983) Ақмола облысындағы Атбасар қаласында дүниеге келген. Жазушының балалық шағы аштық жалмаған зұлмат заманға тап келіп, 5 жасында тұл жетім қалды. Бала Ільяс балалар үйіне тапсырылды. Шығармашылыққа бір табан жақын өскен ол қабырға газетіне өлең жазып тұрды. Мектепті тәмамдаған соң, Қызылорда қаласына барып, интернат мұғалімі болып жұмысқа орналасты.

Кейін Қарсақпайдағы аудандық атқару комитетінде жұмыс істеді. Жұмыс ісей жүріп, Алматыдағы Қазақ тау-кен институтына түсті. Талантты да талапты бала тез көзге түсіп, 1937 жылы Қазақстан КСР-ның бірінші Конституциясын қабылдаған Қазақстан Советтерінің алғашқы Төтенше съездіне делегат болып сайланды.

1940 жылы институтты аман-есен аяқтап, Жезқазғанға жұмысқа жіберілген. Сол жылы күзде Қызыл әскер қатарына шақырылтып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғысқа аттанды. 1942 жылы қатта жарақаттанып, госпитальге түсіп, бір жылдан соң мүгедек болып елге оралды.

1947 жылға дейін Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің аппаратында инструктор болып жұмыс істеді. Соғыс аяқталарда, 1937 жылы атылып кеткен әділет халық комиссары Хамза Жүсіпбековтың қызына үйленіп, қайныенесін АЛЖИР-ден алдырғаны үшін НКВД-ның назарына ілігіп, 1949 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын Қарақұм каналы құрылысында жарылыс жұмыстары жөнінен тау инженері болып бес жыл жұмыс істеп өтеді.

Айдаудан келген соң Қазақ КСР-ның Геология министрілігінде, кейін шахтада басқарма басшысы болып қызмет атқарады. Ұсталғанша ол өлең азса («Айша» (1945 жыл) және «Сұлтан» (1949 жыл) поэмалары, «Алғыс өлеңдер жинағы» (1949 жыл), жазасын өтеп келген соң прозаға көшті («Адам туралы повесть» (1954 жыл), «Өзен жағасында» (1960 жыл).



1958 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1962 жылдан «Қазгослитиздат» мекемесінде редактор, 1967 жылдан «Жазушы» баспасында директор, содан Қазақстан жазушылар одағының хатшысы (1971-1975 жылдары) болып қызмет атқарды. 1975 жылдан бастап толық шығармашылық жұмысқа көшіп, 16 жылда 15 роман дүниеге әкеледі. 1962 жылы драматургияда күшін сынап, «Таудағы тартыс» пьесасы Республикалық жас көрермен театрының сахнасында қойылды. Қазақ тіліне Константин Дмитриевич Ушинскийдің шығармаларын аударды. 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазды. Романдар 15-ші ғасырдан 19-шы ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді. Сөз болатын тақырыптар: қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен арпалысы, Қытай, Хиуа, Бұхара, Ресей империясы секілді көршілерімен аумалы-төкпелі қарым-қатынастары.

Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды тарихи тақырыпта қалам тартылмаған. Алғаш рет 1976 жылы «Көшпенділер» атымен жарық көрген трилогия орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарады. Жалпы «Көшпенділер» трилогиясы әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылды. 2005 жылғы есеп бойынша, дүние жүзіне таралған жалпы тиражы 3 миллион дана. Бұл трилогияның негізінде 2005 жылы «Көшпенділер» атты тарихи көркем фильмі түсірілді. Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы Ілияс Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» романдары - тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, әдебиетке серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар. Өмірінің соңында жазушы «Алтын Орда» трилогиясын жазды (1982-83 жылдары). Жазушы 1983 жылы Алматыда дүние салды.



Сәбит Досанов 1940 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Байғабыл ауылында туған.

1985–1989 жж. КСРО әдебиет қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, 1991–1995 жж Республикалық Халық шығармашылығы және мәдени қызмет көрсету орталығының Бас директоры, 1996–1997 жж. мемлекеттік «Қайнар» баспасының Бас редакторы болып істеді. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында ұстаздық қызмет атқарған. Африкадағы Дунду, Қазақстандағы Қостанай қалаларының, Ақсуат, Аманкелді аудандарының құрметті азаматы. Көптеген роман, повесть, әңгімелердің авторы. «Қайырлы таң», «Жанр тағдыры», «Сексен бестің көктемі», «Адаспаңдар, адамдар», «Тотем под чадрой», «Тензор степного кургана» атты кітаптары бар.

1998 жылы мемлекеттік «Санат» баспасынан қазақ тілінде, ал 2003 жылы Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде «Жиырмамыншы ғасыр» романы жарық көрді. 2002 жылы «Советский писатель» баспасынан таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарыққа шықты. «Дауыл», «Ертең бюро» атты драмалары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Атырау, Жезқазған, Семей, Тараз, Бішкек қалалары сахналарында қойылды. ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ресей педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.



Мұхтар Мағауин — тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Мемлекет сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның халық жазушысы.

1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында туған.

1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы оның аспирантурасын бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы бастады. Қазақ әдебиеті газетінде бөлім меңгерушісі, 1967-1971 жылдары Жазушы баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген, Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді. 1983-1984 жылдары еркін шығармашылық қызметте, 1984-1986 жылдары Жазушы баспасының бас редакторы. 1987 жылы еркін шығармашылық қызметте, 1988 жылдан бері Жұлдыз журналының бас редакторы. Баспасөз бетінде алғаш рет 1959 жылы көрінді. 60-жылдары негізінен әдебиет зерттеушісі ретінде танылды. Қобыз сарыны атты ғылыми монографиясы жарық көрген (1968). Бұдан соңғы кезеңде көркем прозаға көбірек ден қойды. Көкмұнар (роман, 1972), Бір атаның балалары, Көк мұнар (повестер мен әңгімелер), Аласапыран (тарихи роман-дилогия, 1980-1982), Шақан Шері (роман), Мен (ғұмырбаяндық роман-хамса), Құмырсқақырғын (әңгімелер), Үлтсыздану ұраны (мақалалар) және тағы басқа кітаптары жарық көрген. 2002 жылы он үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған.



Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы, әдебиет зерттеушісі. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы. Аласапыран тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді. (1984). Қазақстанның Халық жазушысы, Түркияның Халықаралық Түркі дүниесіне қызмет сыйлығының сахибы.

13 ақпан

ЕСКЕНДІР ХАСАНҒАЛИЕВ
туғанына 85 жыл (1940-2021)

Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиев 1940 жылы 13 ақпанда Батыс Қазақстан облысында туған. Әнші (лирикалық баритон), композитор.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокальды-хор факультетін Е.Виноградов пен Н.Шарипованың класы бойынша курсты және Эль-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын бітірді. 1970 жылдан бастап, Қазақ радиосы мен теледидарының солисі. Е. Хасанғалиевтің орындау мәнері жоғарғы кәсіби деңгейімен ерекшеленеді. Ол Қазақстанның белгілі эстрадалық әншілері орындайтын көпшілікке жақсы танымал әндердің авторы. Хасанғалиевтің "Әдемі", "Асыл арман", "Өмірімнің жазы", "Атамекен" әндерін тек Қазақстан тыңдармандары емес, шетелдерде де ықыласпен қабылдайды. Шығармашылығына тақырыптың әмбебаптылығы мен материалды берудің көп салалығы тән. Хасанғалиев әндерінің тақырыбы сан алуан. Ол қазақ, орыс, татар, неміс ақындарының туған ел, еңбек, жастық шақ, махаббат тақырыбындағы өлеңдеріне көптеген ән жазды. Оның бірнеше ән жинағы жарық көрді. Хасанғалиев гастрольдік сапармен Моңғолия (1975), Болгария (1982), Югославия (1968), Алжир (1969), Сирия мен Ливан (1973), Швеция және Финляндия (1970), т.б. елдерде болды.



1970 жылы Қазақстан Комсомол сыйлығының иегері. 1984 жылы Қазақстан Республикасының халық артисі. 2000 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған.

15 ақпан

ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВ
туғанына 115 жыл (1915-1966)

Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов (15.02.1915, Төре ауылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы — 06.05.1966, Алматы) — тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1946 жылы), профессор, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1962 жыл).

1937 жылы Ресейдің Воронеж қаласындағы педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Қазақ КСР халық ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында еңбек еткен. Отан соғысы жылдарында Республиканың халық ағарту комиссариатының басқарма бастығы болған. Сонымен қатар Алматының жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған.

1946-1947 жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, 1947 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін, яғни 1966 жылғы мамырдың алтысына дейін Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды.

Е.Бекмахановтың ғылыми мұрасы оның тақырыптарының алуан түрлі болуымен, тарихи мәселелерді кең қамтуымен және оларды байыпты шешуімен ерекшеленді. Оның еңбегінің бастысы 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан атты монографиясы болды. Осы тақырыпта 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған.



Асыра сілтеу, бұрмалау және күдікшілдік бел алған осы тұста бұл еңбекке пікір айтушылардың кейбіреулері оны Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан көрсеткен еңбек деп бағалап, оны буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дөріптеуші деген саяси кінәға ұшыратты.

Е.Бекмаханов еңбегіне байланысты пікірталастар 1947 жылдың екінші жартысында күшейе түсті. Ермахан Бекмаханов бірақ айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен Кенесары Қасымовтың батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аямай жазалады. 1947- 1950 жылдарда Е.Бекмахановтың күйі өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. Ермұхан Бекмахановты қаралау кампаниясы Тілеуқажы Жанайұлы Шойынбаев, Хадиша Гилимқызы Айдарова және А.Ф. Якунинің қол қойған КСРО-ның басты газеті - Правда газетіндегі 1951 мақаладан басталады. 1951 жылы университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды.

Ол біраз уақыт Алматы облысы, Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында № 699 іс бойынша Е. Бекмахановты айыптау қортындысы дайын болды.

Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды.

Ол кісінің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты.



ГУЛАГ-тың лагеріндегі адам төзгісіз азапты күндерді басынан кешкеніне қарамастан, қайсар ғалым, артына халықтың игілігіне айналған мол ғылыми мұраларын қалдырды. Өзі ұсталып кеткенге дейін бастап қойған Қазақстанның Ресейге қосылуы атты еңбегін аяқтау ісімен айналысты. Бұл еңбегі А.М.Панкратованың баға жетпес көмегінің арқасында Мәскеудегі Наука баспасынан 30 баспа табақ көлемінде 1957 жылы жарық көрді.

Е.Бекмаханов өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар жазды, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын жазды. Бірнеше жас ғалымдарды даярлауда ат салысты. Шәкірттері бүгінде Республика Ғылым академиясының мүшесі, ғылым докторы, профессор дәрежелеріне жетіп, ұстаздарының ғылыми өмірін жалғастыруда.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Е. Бекмахановтың басты еңбегі — ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары Қазақ университеті (қазіргі Санат) баспасынан жарық көрді.

Ермахан Бекмаханов жөнінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкин былайша еске алған: Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермахан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ҒА-ның басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таңтамаша болады.



19 ақпан

САПАР БАЙЖАНОВ
туғанына 95 жыл (1930-1999)

Сапар Байжанов 1930 жылы Жамбыл облысының Шайқорық ауылында туған. Еңбек жолын 1947 жылы Алматы облысы Кеген ауданының Жалаңаш ауылындағы орта мектептің мұғалімі болып бастады, содан кейін Кеген аудандық Халық ағарту бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді.

1952 жылы ҚазМУ-дың журналистика бөлімін бітірді. 1950 жылы университетте оқып жүрген кезінде «Лениншіл жас» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданды, мұнда 1958 жылға жейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

1958-64 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» журналында алдымен редактордың орынбасары, кейін бас редакторы болып жұмыс істеді.

1965-73 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, баспасөз секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды.

1973 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторлығына тағайындалды. Бұл қызметте 11 жыл жұмыс істеді. Осы жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы, КСРО Журналистер одағы басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды.

1984 жылдан 1994 жылғы зейнет демалысына шыққанға дейін республика Бас архив басқармасының бастығы болып істеді.

С.Байжановтың сіңірген еңбегі Халықтар достығы, Құрмет Белгісі ордендерімен, медальдармен, республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен атап өтілді. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілген.



Ол – Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі.

С.Байжановтың шығармашылық мұрасы романдардан, пьесалардан, сондай-ақ, аудармалардан тұратын жиырмадан астам көркем шығарманы құрайды. 1974 жылы оның «Үш қиян – үш даңғыл» очерктер кітабы КСРО Журналистер одағының сыйлығына ие болды. Соңғы жылдары көбіне архивтік зерттеулермен айналысып, көптеген тарихи мәлімет пен құжаттарды ғылыми айналымға ендірді. Оның «Архив – айғақ» кітабы Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықты алса, «Абай және архив» туындысы Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлықпен атап өтілген.

С.Байжанов жан-жақты білгір адам, еңбекқор да адал басшы, адамдарға ықыласшыл да сезімтал.

1 наурыз

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
құрылғанына 30 жыл (1995)**

Қазақстан халқы Ассамблеясы — 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган.[1] Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді.



Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

20 наурыз

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ
туғанына 90 жыл (1935-2011)

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы 20 наурызда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында туған. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған. Еңбек жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде әдеби қызметкер болудан бастаған. 1956-1959 жж. «Пионер» журналында әдеби қызметкер, 1959-1971 жж. «Жазушы» баспасында редактор, аға редактор болған. 1971-1973 жж.

«Балдырған» журналында жауапты хатшы, 1973-1984 жж. «Жалын» альманахының бас редакторы қызметтерін атқарған. 1984-1986 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1957 жылы «Студент дәптері» деген атпен жарық көрді. Содан бергі уақыт ішінде ақынның қырықтан астам кітабы басылды. Орыс және батыс классиктерінің, сондай-ақ туысқан республикалар ақындарының өлеңдерін қазақшалаған.

1968 жылы «Жаңа дәптер» жинағы үшін Республика Комсомолы сыйлығының, 1982 жылы «Жүректегі жазулар» кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған. 1992 жылы Бүкіл Түркі дүниесі ақындарының Физули және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтарын алды. Қазақстанның Халық жазушысы. «Парасат» орденінің (2004) иегері.



Н.Тілендиевтің, Ш.Қалдаяқовтың, Ә.Бейсеуовтің көптеген әндеріне өлең жазған («Құстар әні», «Құстар қайтып келеді», «Бақыт құшағында», «Әнім сен едің», «Шақырады көктем», т.б.). 2007 жылы «Құстар қайтып барады» атты ән текстерінің жинағы шықты.

1957 жылы «Тың жерді игергені үшін», 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.

21 наурыз

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ
туғанына 95 жыл (1925-2001)

Қуандық Шаңғытбаев (1925–2001) 21 наурызда Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1943).

1944–1955 жж. Ақтөбе педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, облыстық «Социалистік жол», «Актюбинская правда» газеттерінде бөлім меңгерушісі, 1955–1973 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында бас редактордың орынбасары, бас редактор, «Қазақфильм» киностудиясында, Қазақ радиосында бас редактор.

Алғашқы кітабы «Ар» деген атпен 1945 жылы жарық көрді. Кейін «Өлеңдер» (1965), «Аққу әні» (1968), «Стихи» (1970), «Арма, республикам» (1974), «Лирика» (Таңдамалы, 1976), «Жыр жаһаны» (Ауд., 1980), «Гүлтолықын» (1982), «Саршатамыз» (1982), «Жыл құсы» (Таңдамалы, 1987), «Махаббат пен ғадауат» (1995) лирикалық кітаптары жарық көрді. Қ.Байсейітовпен бірге «Беу, қыздар-ай» (1960), «Ой, жігіттер-ай» (1967), «Құтырғаннан құтылған» пьесаларын (1960), «Алтын таулар», «Айсұлу» (1963) операларының либреттосын жазды.

Көптеген ән өлеңдерінің авторы. А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын (1949, 1986), М.Ю.Лермонтов, И.В.Гете, Р.Бернс лирикаларын, О.Хаямның рубаяттарын, М.Горькийдің «Қыз бен ажал» поэмасын (1941) қазақ тіліне аударды. Аудармашылық қызметі үшін Халықаралық Пушкин сыйлығына ие болды. Қазақстанның Халық жазушысы.



«Ана тілі» ұлт газеті. Алғаш жарық көруі: Республикалық «Ана тілі» газеті тәуелсіздіктің жылымығы есе бастаған 1990 жылы, Ұлыстың ұлы күні наурыздың 22-сінде жарық көрді. Бағыты: «Ана тілі» – Мемлекеттік тілдің бірден-бір жоқшысы, үні айбары. Республикадағы тіл тақырыбында шығатын ресми жалғыз басылым.

«Ана тілі» тек Мемлекеттік тіл ғана емес, ұлтқа қатысты кез келген күрмеулі мәселелерді көтеріп келеді. Қазақтың тілі, қазақтың ауылы, қазақ мектебі, балабақшасы, қазақ жастары, қазақ ғылымы, т.б. көптеген тақырыптар басылым беттерінен түсіп көрген емес. Таралымы: Ұлт мүддесін бірінші орынға қоятын газеттің 90-жылдардағы таралымы 100 мыңнан асып жығылады.

Бүгінгі таңда газеттің 26 000-дай оқырманы бар, төрт түрлі түспен, 12 бет А2 форматпен басылуда.

Алған марапаттары: 2005 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығымен, бірнеше мәрте Ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен, арнаулы дипломдарымен, әртүрлі бәйгелердің бас жүлделерімен марапатталуы – осының айғағы.

2006 жылдың 11 мамырдағы нөміріне басылымның Бас редакторына ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп арнайы сұхбат беруі республика жұртшылығы тарапынан тағдыры күрмеулі мемлекеттік тілдің, сондай-ақ, «Ана тілінің» жеңісі ретінде бағаланды.

Бас редакторлар туралы: 1990-97 жылдар аралығында басылымның Бас редакторы белгілі қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы болса, 1997-2006 жылдарда белгілі жазушы, Президент сыйлығының иегері Мереке Құлкенов,



2006 жылдың тамызынан желтоқсан айына дейін ҚР Президенті сыйлығының иегері, саяси ғылымдар кандидаты Жұмабек Кенжалин, 2006 жылдың қараша айынан 2009 жылдың наурызына дейін филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Тәж-Мұрат, 2009 жылдың наурызынан 2018 жылдың шілдесіне дейін жазушы-журналист, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Самат Ибраим басқарды.

2018 жылдың шілдесінен 2021 жылдың қаңтарына дейін ақын-журналист Жанарбек Садыханұлы ӘШІМЖАН басқарды. 2021 жылдың қаңтарынан 2023 жылдың қаңтарына дейін журналист-жазушы Қали Сәрсенбай басқарды.

2023 жылдың қаңтарынан қазірге дейін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мемлекеттік «Дарын» Жастар сыйлығының лауреаты Ерлан Жүніс басқарып келеді.

1 сәуір

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ ***туғанына 100 жыл (1925-1998)***

Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы 1925 жылы 1 сәуірде, Алматы облысы, Іле ауданы, Шілікөмер ауылында дүниеге келген. Композитор, дирижер, домбырашы. Қазақстанның (1975) және КСРО (1984) халық артисі, Қазақстанның Халық Қаһарманы (1998). Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан. 1949-50 жылдарында Алматы консерваториясында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), 1950-52 жылдары Мәскеу консерваториясын (профессор Н.П.Аносовтың класы бойынша) оқыды.

1952-61 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрының дирижері, 1960-64 жылдары Қазақ академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып қызмет атқарды.

Н.Тілендиев Қазақ академиялық фольклорлық-этнографиялық халық музыкалық аспаптары «Отырар сазы» оркестрін Қазақ филармониясы жанынан 1980 жылы ұйымдастырды.



Алғаш шағын ансамбль ретінде жұмыс істеді, ал 1982 жылдан оркестр болып құрылды. Мұндағы қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ секілді ертеден белгілі музыкалық аспаптардың орындауындағы шығармалар өзінің ұлттық нақышымен ерекшеленеді. Кейіннен оркестрдің аспаптар құрамы кең шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра, т.б. музыкалық аспаптармен толықтырылды.

Репертуарында халық күйлері «Кеңес», «Салкүрең», «Сарыөзен», халық композиторларының Тәттімбеттің «Қос басар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ»; Сүгірдің «Кер толғау», «Бес жорға»; Ықыластың «Ерден күйі», «Қамбар батыр», осы заманғы қазақ композиторларының М.Төлебаевтың «Еске алу»; Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Көш керуен»; К.Күмісбековтің «Фараби сазы», «Қорқыт күйі» шығармалары бар. Оркестр 1984 жылы Алматы қаласында өткен Бүкілодақтық фестивальға қатысты. 1985 жылы Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы Үлкен концерт залында өткен шығармашылық концертте жоғары кәсіби орындаушылық шеберлігін танытты. 1985 жылы Оркестр Бүкілодақтық Комсомол сыйлығының лауреаты атанды.

1968-81 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыкалық редакциясының бас редакторы, 1981-98 жылдары өзі ұйымдастырған «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарды.

Еркін төгілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін – композитор шығармаларына тән қасиет.

Алматы консерваториясының құрметті профессоры (1995) болған. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1978) иегері. 1999 жылы Алматы қаласында композитор есімімен көше (бұрынғы Софья Ковалевская атындағы),



«Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблі (2000) аталады және ол тұрған үйге (Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 96-үй) мемориалдық тақта орнатылды. Отан ордені, 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған. 1998 жылы қайтыс болды. Топырақ бұйырған жері Жамбыл кесенесінің іргесі.

19 сәуір

АДАМ МЕКЕБАЕВ **туғанына 85 жыл (1940-2014)**

1940 жылы 19 сәуірде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, «Ақжар» кеңшарында дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетін, 1987 жылы Мәскеудегі Дүниежүзілік әдебиет институтының жоғары әдеби курсы бітірді.

1965 жылы республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, 1966 жылдан Қызылорда облыстық мәдениет басқармасында жұмыс істеп, 1971-1974 жж. аралығында Қызылорда облыстық Халық творчествосы үйінің директоры қызметін атқарды.

1974-1975 жж. республикалық «Қайнар», 1975-1981 жж. «Жазушы» баспаларында редактор болды. 1981-1982 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде, 1983-1984 жж. Қазақ КСР мемлекеттік сценаристер алқасының кеңесшісі, 1987-1992 жж. «Жұлдыз» журналында, 1992 жылдан «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарды. Қазір «Ақиқат» журналында қызмет істейді.

«Жадыра», (1970) «Жезтырнақ» (1973), «Аңыз» (1978), «Құпия қойма» (1979), «Бойжеткен» (1982), «Айтылмай қалған аңыз» (1990) секілді оннан астам повестің басын құрған проза кітаптары мен «Періште келіншек» (1982), «Жер кіндігіндегі апат» (1992), «Дауылды жер» (1988), «Қазына сыры» (1994) романдарының авторы.



1985 жылы Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан «Лебединая печаль», 1987 жылы «Суховей» повестер жинағы орыс тілінде жарық көрген. «Құпия қойма» романы (2008), «Сырдария кітапханасы» сериясымен екі томдығы (2009) жарық көрді.

«Ерен еңбегі үшін» (2001) және Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған медальдармен марапатталған, Халықаралық «Алаш» әдеби (2005) және С.Сәдуақасов атындағы ҚР Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты. 2014 жылы 8 ақпанда дүниеден өткен.

22 сәуір

СӘБИТ МҰҚАНОВ *туғанына 125 жыл (1900-1973)*

Мұқанов Сәбит Мұқанұлы - қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Сәбит Мұқанов атындағы ауылда туған. Омбыдағы оқытушылар курсы, Орынбордағы жұмысшылар факультетін, Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімін бітірген.

Ауыл молдасынан оқып, хат таныған. Жасынан ел аузындағы жыр-толғауларды, қисса-дастандарды жаттап, мақамдап айтып үйренген. 14-15 жасынан өлең-жырды ауызша да, жазып та шығара бастайды.

Сәбит Мұқанов әдебиетке араласқаннан бастап-ақ дәуір, заман алға қойған тақырыптарға қалам тербеді. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында өндіре еңбек етті.

Жазушы қаламынан туған әдеби мұра сан жанрлы, мол көлемді, идеялық-эстетикалық мәні жоғары да бағалы.

Ол 80 мың жолға жуық лирикалық өлең, жиырмаға тарта поэма, бірнеше повесть пен роман, көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын талдайтын монографиялар, қазақ мәдениетінің тарихы және этнографиясы туралы зерттеу еңбектер, тағы басқа сан-салалы кітаптар жазды.



Сәбит Мұқановтың алғашқы өлеңдері мен поэмалары, мақалалары мен әңгімелері («Көңілім», 1917; «Бостандық», 1919, т.б.) 1917 жылдан жариялана бастады. Ол 1924 жылы өлеңдер мен мақалалардан және аударма шығармалардан тұратын «Совет өкіметі һәм қазақ әйелі» атты тұңғыш кітапшасын шығарған. 20 жасынан поэма жаза бастады: «Балбөпе», «Жетім қыз», «Батырақ», «Қанды көл», «Жүйткі, қара айғырым», 1926-1927 жылдары «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Октябрьдің еткелдері» поэмалары, «Ақбөпенің сыры» повесі жарық көрген.

1928 жылы «Сұлушаш» дастаны, 1931 жылы «Адасқандар» романы (орыс тілінде «Сын бая», 1934), махаббат мәселесін көтере отырып, әлеуметтік мәні зор түйіндерді толғаған.

Ал «Адасқандар» романы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романдардың бірі саналды. Ол бұл романды едәуір өзгерістер енгізіп, 1959 жылы «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта бастырып 1-дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан революциясы, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы, тағы басқа ірі тарихи оқиғалар роман сюжетіне арқау болған. Романдағы басты тақырып - қазақ халқының, Қазақстанның тарихи тағдыры.

«Ботагөз» романы - қазақ халқы өміріндегі төңкерістік ірі кезеңді шебер бейнелеген келелі шығарма. Роман КСРО халықтары тілдерінде және бірқатар шет ел тілдерінде аударылып басылды. «Ботагөз» романына негізделіп пьеса жазылып, Қазақстан театрлары сахнасына шықты, кинофильм түсірілген.

Сәбит Мұқанов 40-жылдары «Менің мектептерім» романын, «Балуан Шолақ» повесін, «Сырдария» романын, «Поэзия маршалы», «Майданға хат», «Жеңімпаз Қызыл Армия», «Фашизмнің ажалы», тағы басқа прозалық және поэзиялық шығармаларын жазды. Прозада ол роман мен мемуарлық әдебиеттің дамуына үлес қосты.

50 жылдары «Шоқан Уәлиханов» драмасын, «Тыңдағы толқындар» романын жазды. «Саяхаттар», «Туған жердің тыңында», «Тыңда тұнған байлық», «Алыптың адымдары», «Адам-Атаның шоқысында» кітаптарын шығарған. Өлеңмен жазылған «Замандас туралы аңыз» атты шығармасын 1961 жылы жариялады.



9 мамыр күні Қазақстан халқы Ұлы Жеңіс күнін аталып өтеді. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған ата-әжелері бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі.

Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,5 миллион ұл мен қыз аттаныпты. 600 мыңнан астам қазақстандық бұл соғыстан оралмады.

500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды.

Қазақстан тарихы мәліметтеріне сәйкес, бүкіл соғысты басынан өткерген қазақстандық 12 дивизия құрметті атақтар алған. Олардың бесеуі — бір, төртеуі — екі, екеуі — үш орденмен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық аталды, олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры Иван Панфилов атындағы атақты 8-гвардиялық дивизия бар.

Жалпы Ұлы Отан соғысында 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы қолбасшы Бауыржан Момышұлына берілді.

Төрт қазақстандық Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ұрыс кезінде қаза тапқан пулеметші Мәншүк Мәметова және мерген Әлия Молдағұлова Батыр атағын алды.

Батыр атағын алғандар қатарында атқыштар Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Сергей Лутфиллин, Мин Сен Юр, артиллеристер Серікбай Мүткенов, Иван Новиков, ұшқыш Нүркен Әбдіров, минометші Қарсыбай Сыпатаев, атты әскер Бақытжан Қаратаев, сапер Петр Гончаров, политрук Мәлік Ғабдулин, торпедалық катер командирі Борис Ущев және басқалар бар. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері болды.



Рейхстагқа шешуші шабуылға шыққан және Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев, капитан Борис Чупрета, минометші А.Бактыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

Қазақстан аумағында шайқас болған жоқ, бірақ республика майданның берік тылына айналды.

Соғыс кезінде көптеген ҒЗИ орталықтары, Мәскеу, Ленинград, Киев және басқа қалалардың оқу орындары Қазақстанға қоныс аударды.

10 мамыр

МЕЙІРХАН АҚДӘУЛЕТҰЛЫ
туғанына 75 жыл (1950)

Ақын Мейірхан Ақдәулетұлы 1950 жылы 10 мамырда Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының Темірастау (қазіргі Жаныс би) ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң Калинин атындағы кеңшарда жұмысшы болды. Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп келгеннен кейін Қарабұтақ ауданының Шевченко атындағы орта мектебінде мұғалім, аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, аудандық «Жаңа өмір» газетінің тілшісі қызметтерін атқарды.

1979 жылы Алматы қаласына қоныс аударғаннан кейін республикалық «Пионер» журналының бөлім редакторы, аға редакторы, республикалық «Арай» - «Заря» журналының бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, республикалық «Дәуір» - «Время» газетінің саяси шолушысы, редактордың міндетін атқарушы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, республикалық «Алтын Орда» газетінің бас редакторы, «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС директоры болды. Ақтөбеден шығатын республикалық әдеби-көркем, көпшілік «Адырна» журналының бас редакторы.



12 мамыр

ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВ
туғанына 95 жыл (1950)

Әлімжанов Әнуар - (1930–1993) 12 мамырда бұрынғы Талдықорған облысы, Сарқанд ауданындағы Қарлығаш ауылында туған. Алдымен шешеден, 1941 жылы әкеден жетім қалған ол интернатта, балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған.

1949 жылы Лепсі педагогика училищесін, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген. Жазушы өзінің журналистік қызметін облыстық «АлмаАтинская правда» газетінен бастаған.

1955 жылы наурыз айынан бастап «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша меншікті тілшісі, кейінірек «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары, Қазақстан және Қырғызстан республикалары бойынша «Правда» газетінің тілшісі, «Қазақфильм» студиясының Бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы Орталық кеңесі президиумының төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Жазушы Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президиумының, Африка халықтарымен достықтың Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болды.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы ордендерімен марапатталған. Қазақстанның Халық жазушысы.

Шығармалары: Белый друг, желтый друг, черный друг. Очерк. А., ҚМКӘБ, 1958; Когда встречаются друзья.

Очерк и рассказы, А., ҚМКӘБ, 1959; Вечные корни. Очерки и рассказы, А., ҚМКӘБ, 1960; Пятьдесят тысяч миль по воде и суши. Очерки и рассказы. А., ҚМКӘБ, 1962; Плающее копьё.



Очерки и рассказы. А., «Жазушы», 1976; Караван идет к солнцу. Повесть, А., ҚМКӘБ, 1963; Синие горы. Повесть. А., ҚМКӘБ, 1964; Сувенир из Отырара. Повесть А., «Жазушы», 1966; «Мость Карасункара». Повесть. А., «Жазушы», 1969; Стрела Махамбета. Роман. А., «Жазушы», 1969;

Избранные в 2х томах. А., «Жазушы», 1979; Көгілдір таулар. Повестер. А., «Жалын», 1982; Дороги людей. Роман. М., «Советский писатель», 1984. Бұл кітаптардың басым көпшілігі Алматыда қазақ тілінде, Мәскеу баспаларында орыс тілінде басылды.

16 мамыр

ЕСЕНБАЙ ДҮЙСЕНБАЕВ
туғанына 85 жыл (1940-2011)

1940 жылы 16 мамырда Байғанин ауданының Қалдайбек ауылында дүниеге келген. Көрнекті қазақ ақыны. 1958 жылы Жарқамыс орта мектебін, 1963 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын бастауыш сынып мұғалімінен бастап, көп ұзамай журналистік қызметке ауысты.

Байғанин аудандық «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары, Ақтөбе облыстық «Коммунизм жолы» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді. 1978-84 жылдары Алматыдағы «жазушы» баспасында аға редакторлық қызмет атқарды.

Есенбай Дүйсенбаев қазақ поэзиясына өз үні, өз бояуымен келіп, ерекше танымал болған ақын. Ол поэзияны қадірлейтін оқырмандардың сүйікті ақынына айналып, ондаған өлең жинақтарын берді. Оның шығармаларында халықтық, ақын-жыраулардың екпін мен жігерге, қайсарлыққа құрылған үздік дәстүрі бар.

Сол дәстүр дүбірі осы күнге дейін ұласып келеді. Е.Дүйсенбаевтың алғашқы жыр топтамасы 1967 жылы Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің дипломына ие болды, бертінірек келе ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толу мерекесінде бас бәйгені, халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықты жеңіп алды.



Есенбай Дүйсенбаевтың «Боз ала таң мен бозторғай» (1971), «Ақ пейіл» (1974), «Ұланғайыр» (1977), «Ашық аспан» (1978), «Ақ желкенді ағыстар» (1979), «Біздің толқын» (1981), «Ашық хат» (1982) деп аталатын жыр жинақтары Алматыдағы «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан жарық көріп, еліміздің өлең сүйер оқырмандарына кеңінен тарады. 2000 жылы 60 жасқа толуына орай оған ауданның «Құрметті азаматы» атағы берілді.

30 мамыр

ӨМІРЗАҚ ШАНОВ
туғанына 75 жыл (1950)

Мүсінші Өмірзақ Шановтың шығармалары әрқашан да өнерсүйер қауым мен өнертанушылардың назарын аударып келеді. Көптеген шығармашылық көрмелерге қатысқан, үнемі идеялық белсенділігінен танбаған мүсінші. Оның ізденістерінде құрылымды пластика қабаттасып келіп, тақырыптың мазмұнын байытып, композициясын жетілдіре түседі.

Ол жасаған туындылар өткір зейіннен өтіп, өзіндік жанр мен стиль типінде көзге түсіп, қазақ мүсін өнерінің кәсіби түрін жандандыра түсті. Енді бір жағынан, қоғамның ілгерілеуші күштері тарих барысында, сондай-ақ өнерде де көркем бейнелеудің стильдік ізденістеріне зәру болатыны шындық. Әлеуметтік ілгерілеушілікті ынталандыратын, адамзаттың тұрмыс-тіршілігін, қоғамның дамуын шын мәнінде алға жылжытатын, белгілі бір дәуірде өмір сүруші адамға расында да жаңа қадір-қасиеттер сыйлай алатын дүние, тарихта көбіне сол дәуірдің, сол заманның бет-бейнесі, негізгі сипаты деп табатын дүниесі болады. Классикалық бейнелеудің монументалдылығы өнердің тек мол мүмкіншіліктері ғана емес, өнердің сипатының танымдық мәнінде, сондай-ақ қажеттілігінде.

Ө.Шановтың тапқан дүниесі қазақ топырағындағы классицизм. Автордың мүсіншілік стихия мінезі – классицизм десек қателеспейміз.



Архитектоникасы, композициясының анықтығы, басты әрекеттің бөлек көрсетілуі, пішіндерінің мүшеленуі, жекелеген ауқымдардың тым айқындылығына қол жеткізілетін кеңістіктің барельефтік түсіндірілуін бірден байқауға болады.

Мұның барлығы – рационализмнің элементтері. Осының бәрі сайып келгенде Өмірзақ Шанов шығармашылығының өзегі. Өзінің сезімі мен тебіренісін, толқынысын жүгендей алатын философтың «байсалдылығы», төзімділігі табиғатына тән болғанымен, шығармаларындағы композицияның салмақтылығы мен ұстамдылығы да белгілі бір дәрежеде осын-дай маңызға ие.

Әр жұмысының сұлбалық айқындылығы мен пішіндерінің мүшеленуі оның мүсінділігін күшейтеді. Аса мұқияттылық, зейін қою деңгейінің артуына әрқашан жағдай жасайды.

Жақыннан көріп, тамашалау үшін композицияның ұсақ-түйектерін, егжей-тегжейлі, кезекпелі оқылуы, бейнелерінің сан қырлылығы, фактурасының сұлулығы, композициясының әрбір бөлшегінің қарап, тамсанып, түйсінуге қорек болатын бейне бір академиялық заңдылықтардың пластикалық шежіреге толы жағдайын көруге болады.

Мүсінші жаңа бетбұрыс жасауға икем. Қай тақырыпты алса да мүсінші адам мінезінің қалтарыс-қатпарына батыл барлау жасайды.

Ө.Шанов құбылыстардың түбіне үңіліп, олардың астарына үңіліп, ол жөнінде өзінің меншікті пікірін қалыптастыруға ұмтылады. Ө.Шановтың мүсін өнеріндегі ой ұшқырлығы мен психологиялық тұжырым ерекшелігі, қиял мен ойдың ұштасуы, ұлттық ерекшеліктердің түрленуі арқылы жандандырылған түрлері көптеп кездеседі. Пішін суретшінің ой-қиялына бағынышты бола отырып, оның қолының икеміне қарай сан мыңдаған түрге еніп құбыла түседі.

Салт атты сақ сарбаздарын бейнелегенде лаконизмділігі мен қарапайымдылығы айқындылығына әсер етіп қана қоймай, экспрессияны еркіне бағындыра білген. Оның қатаңдығы, батылдығы және мазмұнының салтанаттылығы ерекше көрінеді.

Мүсінші тарихты, оның негізгі заңдылықтарын қаншалықты терең, дұрыс түсінген сайын, оның қолынан шыққан туындылары да, эстетикалық орынды пішінде түсіріліп, көрерменнің сана-сезіміне де соншалықты терең әсер етіп, өнерде өз орнын көрсете алған.



Сонда мүсіншінің туындылары толысып, мінсіз сомдалып, аталмыш туындылардың монументалдылығы айқын бола береді. Өнер туындыларының «мәңгілігінің» алғышарты да осында.

Тірі көркем шығармашылық әрдайым адамзат болмысының негізгі мәселелерін жоғарыда баяндалған маңызында қоюға түрткі болып, адамды тікелей тарих заңдарымен қақтығыстыруға талпынады. Осыған дейін өнердің осы мәселелерімен бас қатырған мүсінші біздің қазақ өнерінде болған емес.

Юморға да өте бейім, психологиялық тереңдік, бейнелі дүниені ой елегінен өткізіп көрсету тәсілі туралы айтсақ та, ең бастысы Ө.Шанов шығармашылығы бүгінде өзінше бір әлем екендігі.

1 маусым

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ
туғанына 85 жыл (1940-2010)

Рымғали Нұрғали Нұрғалиұлы - 1940 жылы 1 маусымда Семей өңіріндегі Абыралы ауданының Қайнар аулында туған.

Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (журналистика бөлімі, 1963), аспирантурасын (1967), докторантурасын (1972) бітірген.

1962-1965 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Целиноград, Қостанай облыстарындағы тілшісі болып очерктер, әңгімелер жазып, фольклор нұсқаларын жинады. 1966 -1968 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші болған. 1968-2000 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де доцент, профессор, факультет деканы, 1986-1997 жылдары «Қазақ энциклопедиясында» бас редактор қызметтерін атқарған. Қазір Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, академигі (2004).

М.Әуезов шығармашылығының алғашқы кезеңдерін, ұлы қаламгердің драматургиясын монографиялық тұрғыдан зерттеген. Қазақтың алғашқы режиссері, көрнекті драматург Ж.Шанин мұрасын жан-жақты танытты, 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті ұжымдық монографиясына (1997) автор болды.



«Абай» энциклопедиясының бас редакторы, 11 - сыныпқа арналған Қазақ әдебиеті оқулығының авторларының бірі. «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия», «Ол кім? Бұл не? Шәкірт энциклопедиясы», «Ислам», «Абай», «Философиялық сөздік», «Әлемде талай қызық бар», «Боздақтар. Естеліктер кітабы» сияқты энциклопедиялар мен сериялардың, жобалардың, әдебиет пен өнер, эстетика мен театр мәселелерін сөз ететін көптеген эссе, портрет, шолу, мақалалар циклінің авторы.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1988), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (2003), «Жоғары мектептің үздік қызметкері» (1984).

1 маусым

ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ
туғанына 75 жыл (1925-1944)

Қайрат Әукенұлы Байбосынов 1950 жылы 1 маусымда Қарағанды облысы (бұрынға Жезқазған облысы) Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дүниеге келген. Алматы эстрада-цирк студиясын бітірген. әнші, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

1969-1988 жылдары - «Гүлдер» ансамблінің әншісі әрі Алматы эстрада-цирк студиясының оқытушысы. 1988-1999 жылдары Алматы консерваториясының аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, Республикалық эстрада-цирк колледжінің директоры болған. Қазіргі уақытта Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры.

Ұмыт болған, сирек орындалатын әндерді халық арасына таратуда елеулі еңбек етті. Концерттік сапармен АҚШ, Жапония, Германия, Франция Испания, Италия, Бирма, Сингапур, т.б. елдерде болып, ұлттық өнерімізді шетел тыңдаушыларына танытты.



Элия (шын есімі Ілия, май дандас достары «Лия» деп атапты) Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (1925 ж. 15 маусым),

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаз КСР – 1944 ж. 14 қаңтар, Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники, Казачиха ауылы, РКСФР) – Кеңес Одағының Батыры (1944), снайпер, ефрейтор.

1925 ж. 15 маусымда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 ж. бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген.

Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Элия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артеkte батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Элия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярослав облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды.

1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Элия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Элия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға Новосокольники ауданының Монакова ауылында жерленген.



Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосокольники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), Әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Ақтөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосокольники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Ақтөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды.

6 шілде

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ
туғанына 85 жыл (1940)

1940 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген.

1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді.

Экономика ғылымдарының докторы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. Бірқатар шет мемлекеттер мен еліміздің жетекші университеттерінің құрметті профессоры және докторы. Көптеген кітаптар мен ғылыми мақалалардың авторы.

1960-1969 жылдары Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.

1969-1973 жылдары Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.

1973-1977 жылдары – Қарағанды металлургия комбинатының партком хатшысы.

1977-1979 жылдары – Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы.

1979-1984 жылдары – Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.

1984-1989 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989-1991 жылдары – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы.



1990 жылдың сәуірінен – Қазақстан Республикасының Президенті.

1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 процент) жеңіске жетті.

1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.

1999 жылдың 10 қаңтарында өткен баламалы сайлаудың нәтижесінде Н.Назарбаев 79,78 процент дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

2011 жылдың 3 сәуірінде сайлаушылардың 95,5 процент дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2015 жылғы 26 сәуірде өткен кезектен тыс сайлауда айқын жеңіске жетті.

2019 жылғы 19 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін атқару туралы» № 887 Жарлыққа сәйкес, Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылғы 20 наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін атқаруды тоқтатты.

25 шілде

ШӘМШИЯБАНУ СӘТБАЕВА
туғанына 95 жыл (1930 – 2002)

Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы 1930 жылдың 25-шілде айында қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қаныш Сәтбаев атындағы ауылда дүниеге келіп, 2002 жылдың 1-қаңтарында Алматыда облысында дүниеден өткен. Әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы (1971), профессор (1988), Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылыми Академиясының академигі (1979), Қазақстан Республикасының Халық ағарту ісінің озаты (1980).

Қазақ педагогика институтында, 1965 жылдан Қазақстан Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметерін атқарды.



Ғылыми зерттеу еңбектері әдебиет тарихына, салыстырмалы әдебиеттану (компаративистика) мен әдебиеттер байланысын зерттеуге арналған. Ш.Сәтбаеваның еңбектерінде әлемдік сюжеттер, интермәтіндер, көркем аударма, әдеби сапарнама секілді компаративизм мәселелері қамтылған. Ол «Орта Азия және Қазақстан әдебиетінің тарихы» (1961) басылымында қазақ әдебиеті бөлімін әзірлеуге қатысты,

«Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланысы» (1970), «Әдебиеттер достығы» (1986) жинақтары мен «Қазақ әдебиеті тарихының» 3 – томын шығаруға белсене қатысты.

«XIX-XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ- еуропа әдеби байланыстары» (1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Қазақ әдебиеті мен Шығыс» (1982) т.б. монографиялары жарық көрді.

29 шілде

ҚАЙЫР ЖҰБАНОВ
туғанына 90 жыл (1935-2021)

Қайыр Ахметұлы Жұбанов 1935 жылы 29 шілдеде Ақтөбе облысы, Темір ауданында қазақ музыкасын зерттеуші, академик, әйгілі композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың отбасында дүниеге келген. Қайыр Жұбанов 1953 жылы И.Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтына түсіп, 1958 жылы «Мұнай және газды өңдеудің инженер-технологы» мамандығын үздік бітірген.

Оның ерен еңбегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен (кезіндегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) тығыз байланысты. 1976 жылы осы университетке катализ және техникалық химия кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалып, КСРО Еңбек Ері, академик Д.Сокольскийдің жетекшілігімен әртүрлі каталитикалық процестер үшін катализаторларды таңдау, олардың физика-химиялық қасиеттерін және гидрлеудің математикалық моделін анықтау бойынша кеңауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1981 жылы докторлық диссертациясын қорғайды.

1994 жылы кафедрада «мұнай химиясы» мамандығы ашылып, алғашқы түлектер Қ.Жұбановтың жетекшілігімен жасалынған «Мұнай химиясы», «Мұнайхимиялық синтез»,



«Мұнайды өндірістік өңдеу», «Мұнай өңдеудің каталитикалық әдістері» деген арнайы курстар бойынша дәрістер алды, экологияға да үлкен назар аударылып, оның жетекшілігімен «Мұнай өңдеудің экологиялық мәселелері» – арнайы және «Химиялық өнеркәсіптің экологиялық мәселелері» жалпы курстарының бағдарламалары жасалып, оқытылды. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дің химия және химиялық технология факультетінің 5 кафедрасындағы ғалыми-тәжірибелік базаларының басын біріктірген ЖҒТЖМ ҒЗИн-ты болашақта шағын зауыттарда қосымша мұнай-химиялық синтездеудің кешендерін салуда.

Қ.Жұбановтың ғылыми зерттеулер жүргізу барысында алынған теориялық маңызды және практикалық мәні бар нәтижелерін қолданысқа алатыны сөзсіз.

Соңғы жылдарда ғалымның жетекшілік етуімен, мұнайды және көмірді терең өңдеуде түзілетін п-, м-ксилолдар негізінде жоғары температураға төзімді полимерлер алуға қажетті мономерлер синтездеу технологиясының негізін жасау қолға алынып отыр.

Қайыр Жұбанов – 500-ге жуық ғылыми мақаланың, 9 монографияның және 15-тен аса оқу құралының авторы.

Оның ғылыми жетекшілігімен 9 доктор және 40-қа тарта ғылым кандидаттары даярланып, жұмыс нәтижелері бойынша 60 авторлық куәлік пен патенттер алынды.

10 тамыз

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ
туғанына 180 жыл (1845-1904)

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді.

Абайдың арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос пен Жігітек тарайды. Әрқайсысы бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ пен Топай туған. Олардың ішінде Ырғызбай оза шауып, ел басқару ісіне араласқан.



Ырғызбайдан Үрке, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зеренен Абайдың әкесі Құнанбай туады.

Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті.

Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ал ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – "Қансонарда". Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп.

"Сегіз аяқ", "Қан сонарда бүркітші шығады аңға", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Желсіз түнде жарық ай", "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?" сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық. Александр Пушкиннің "Евгений Онегин" шығармасынан "Татьянаның хатын" және "Ленскийдің сөзін", Михаил Лермонтовтың "Ой", "Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Қанжар", "Теректің сыйы" және тағы басқа өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді.

1904 жылы 23 маусымда Мағауияның өлімінен кейін тура 40 күн өткен соң өзі де қайтыс болады. Бір жарым айдан кейін Абайдың ақын баласы Ақылбай Семейде дүние салады.

15 тамыз

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ
туғанына 95 жыл (1930-1992)

1930 жылдың 15 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында ата-анасының зарыға күткен перзенті дүниеге келді. Әкесі Қалдаяқ (шын аты - Әнәпия) ұл туса Жәмшид патшаның атын қоям деп жүргенде түс көреді. Түсінде ұлының айдын көлде аққу құс болып жүзіп жүргенін көріп, жақсыға жориды.



Созақтың той-думанының көркі де Қалдаяқ пен Сақыпжамал еді. Олар әуелетіп ән салғанда жиылған жұрт бірге қосылып, ортақ қуаныштың көрігін қыздыратын. Өз кезінде Шәді төренің ұстаханасы болған жерде Қалдаяқ ауыл шаруашылығына қажет құрал-саймандарды жасап, шеберлігімен ауылдастарының сый-құрметіне бөленген жан еді.

Сөйтіп, айы-күні жетіп Сақыпжамал босанып, сәби жарық дүниеге келіп есімін Жәмшит қояды.

Бала анасының әлдиін тыңдамаса ұйықтамайды. Анасы Естайдың «Қорланын» ыңылдап айтып отырып тербеткеннен бе, Шәмшінің өмір бойы сүйіп айтатын әні «Қорлан» болыпты...

Шәмші мектеп жасында әкесінің домбырасын ұстап, сырнайын тартып жүрді. Ауылға келген сыған жігітінен мандолина сатып алды.

Бала кезінен әкесінің әперген патифонынан Күләш Байсейітованың жүрек толқытып, сезім тербейтін күміс дауысын тыңдап, жаны жадырады. Қолына мандолинасын алып сол әуенге ілесті. Естіген сайын бойы балқыды. Сөйтіп, Латиф Хамидидің «Бұлбұл» әнін мектеппен қоштасу кешінде мандолинамен орындап, ауылдастарының алдында мерейі өсті.

Шәмші бірден өнер жолына түскен жоқ. Әуелі Қапланбектегі зооветтехникумды бітірсе, кейін Сахалиндегі әскери училищені, елге келген соң Ташкент қаласындағы Хамза Ниязи атындағы музыка училищесін, содан соң Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясының композиторлар дайындайтын факультетінде оқыған.

Әлдебір себептермен Шәмші диплом ала алмай қалғандықтан өмірінің соңына дейін әуесқой сазгерлер қатарында жүрді.

Шәмші Қалдаяқов Ташкентте оқып жүрген кезінде ән сапарымен Жамал Омарова келеді. Шәмші ол кісіге арнайы жолығып, сүйікті апайына ән шығарып жүргенін, консерваторияға түскісі келгенін айтады. «Жақсыдан шарапат» дегендей, Жамал апай болашақ композитордың үлкен өнер жолына түсуіне септігін тигізеді. Бұл 1956 жылдың маусым айы еді. Кейін Шәмшінің «Қайықта» алғаш Жамал орындады.



Шәмші Тұманбай Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Нұтфолла Шәкенов, Қадыр Мырзалиев және Сабырхан Асанов сынды ақындармен бірге шығармашылық байланыста болды. Өмірінің соңғы кезінде біраз уақыт елде тұрды.

Тұрмыс тауқыметін көрді. Ол атақтылар қатарында дүниенің молшылығын көріп, зор құрметке ие бола алмады. Қайта қарапайым халықпен терезесі тең, қоян-қолтық араласып адами қасиетімен өмір сүрді.

Шәмші Қалдаяқовтың көптеген әндері Роза Бағланова, Ришад Абдуллин, Бибігүл Төлегенова, Рашид Мұсабаев, Зейнеп Қойшыбаева сынды әншілердің ән бағдарламасынан берік орын алды. Шәмші 1965 жылы Республика жастар сыйлығының лауреаты болды.

1991 жылы Шәмші Қалдаяқов жайлы «Жылдарым менің, жырларым менің» (реж. Т.Ахметов) атты ғұмырнамалық деректі телефильм түсірілді. Артына музыкалық мол мұра қалдырған Шәмші Қалдаяқов 1992 жылы 29 ақпанда Алматы қаласында қайтыс болды.

26 тамыз

ҚОЖАБАЙ ЖАЗЫҚОВ
туғанына 105 жыл (1920-1982)

Жазықов Қожабай 1920 жылы Қызылбұлақ ауылдық кеңесіне қарасты Қызылшоқы деген жерде шаруа отбасында туған.

1938 жылы Жарқамыс орта мектебінде жеті класс білім алғаннан кейін Темір қаласындағы педагогикалық техникумда екі жыл оқып, одан әрі оқуын жалғастыруға жағдайы болмайды да, 1940 жылы Аманкелді бастауыш мектебінде мұғалімдік қызметін бастайды. 1942 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Ресейдің Бугурусан қаласында кіші командирлер даярлайтын қысқа мерзімді курсы бітіріп, 337-полктің құрамында пулеметшілер бөлімшесінің командирі болып Воронеж майданында соғысқа кіреді. Кейіннен барлаушылар даярлайтын жеделдетілген курсты аяқтап, атақты 25 гвардиялық атқыштар дивизиясының сапында барлаушылар бөлімшесінің командирі болып, Украин майдандарында соғысады.

Ерлік істеріне сай 1943 жылы «Ерлігі үшін» медалін, «Қызыл Жұлдыз» орденін алады, ал 1944 жылы үшінші дәрежелі «Даңқ» орденін, екінші рет «Қызыл Ту» орденімен наградталды.



1945 жылы Будапешт қаласын жаудан азат ету операциясын жүзеге асыруда көрсеткен жауынгерлік қызметі үшін Кеңес Одағы Батырының Алтын жұлдызы мен Ленин ордені беріледі. Елге жеңіспен оралғаннан кейін Жазықов Байғанин аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болады. Ақтөбе, Шымкент педагогикалық институттарын бітіріп, жоғары білім алады. Байғанин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Родников ауданында МТС партия ұйымының хатшысы, Байғанин аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ауылшаруашылығы қызметкерлері, кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы, Темір, Байғанин аудандық партия комитеттерінің нұсқаушысы қызметтерін атқарады.

1972 жылдан 1982 жылы қазан айында қайтыс болғанға дейін аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болады. Сондай-ақ ол әр жылдарды мектепте мұғалім, Жарқамыс орта мектебінің директоры да болған.

Жазықов 1975 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, 1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталады. Байғанин ауданында бір көше Қожабай Жазықов атында. Ақтөбе қаласындағы бір көше де осы батырдың есімімен аталады. Қаланың «Оторвановка» атанып кеткен ескі бөлігіндегі бұрынғы Донский көшесі 1998 жылы Ақтөбе қалалық мәслихатының №283 шешімімен Қожабай Жазықов атындағы көше болып өзгертілді.

30 тамыз

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 жыл
(1995)**

Қазақстан Республикасының Конституциясы - Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.



Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады.

Ол мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші конституциясы. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

5 қыркүйек

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ
туғанына 105 жыл (1920-1988)

Жұбан Молдағалиев — қазақ ақыны. Оралда ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, 1940–47 жылы Кеңес Армиясы қатарында болды. Ұлы Отан соғысына қатысты. Одан кейінгі жылдары: «Лениншіл жас» (1948–52), «Қазақ әдебиеті» (1955–56) газеттері мен «Жұлдыз» журналы (1958–63) редакцияларында, Қазақстан Жазушылар одағында (1953–54; 1963–71; 1 секретары) қызмет істеді. Алғашқы өлеңі («Ленин тірі») Орал «Комсомол ұрпағы» газетінде (1939) басылды. Тұңғыш жинағы «Жеңіс жырлары» деген атпен 1949 жылы жарық көрді. Жұбан Молдағалиевтің көптеген поэмаларында азаматтық сарын мен көңіл күйі лирикасы басым. «Жыр туралы» поэмасында (1963) татар ақыны Кеңес Одағының Батыры Мұса Жәлилдің ерлігі бейнеленген.

Ол «Жесір тағдырында» (1965) қазақ әйелінің өткен заманғы қатал тағдыры мен оның жаңа өмір жолындағы күресін көрсетті. «Мен қазақпын» поэмасында қазақ халқының өмірі, ұлттық ерекшелігі реалистік тұрғыда берілген.

«Айттым сөлем» лирикалық поэмасы (1967) махаббат пен ерлікті жырлайды. «Кісен ашқан» (1969) поэмасында Құрманғазының осы аттас күйіне құлақ қойып, ой жібере отырып, өскен өнер, өркендеген халық тағдыры баяндалған. Оның ақындық өнерін айқын танытқан бұл шығармаеына Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығы (1970) берілді.



1970 жылы Жұбан Молдағалиевтың таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрді. Жұбан Молдағалиев көркем аударма мен публицистика саласында да жемісті еңбек етіп келеді.

Бірсыпыра шығармалары: ағылшын, неміс, араб, испан, поляк, монгол, француз, венгр және басқа шетел тілдерінде басылып шықты.

Жұбан Молдағалиев 7-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі (XII—XIII-съездерде) болып сайланды.

Ж. Молдағалиев екі рет Еңбек Қызыл Ту және 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

3 қазан

ИСА БАЙЗАҚОВ
туғанына 125 жыл (1900-1946)

Байзақов Иса - қазақтың халық ақыны, әнші, әртіс, домбырашы, композитор. Павлодар облысы Ертіс ауданы Үлгілі ауылында туған. Семейдегі жұмысшылар факультетін, Орынбордағы қазақ халық ағарту институтын, Қазақ педагогикалық институтын бітірген Әкесі Байзақ ескіше хат таныған, жасында ән салып, өлең шығарған, шағын шаруалы, сауыққой кісі болған. Иса 9-ға шыққанда шешесі қайтыс болып, өлеңші, әңгімеші әжесі Жанбаланың бауырында өседі.

Кішкентайынан ол «Домбырашы бала», «Әнші Иса» атанады. Революцияға дейін байлардың қозысын бағады, қойын жаяды, шахтада жұмысшы болады.

Оқып жүрген кезінде суырып салма ақындығы, әншілігі, домбырашылығымен ерекше кезге түседі. Өлеңдері баспасөзде бірінші рет 1924 жылы жарияланған. 1926 жылы Қызылордада Қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылғанда Әміре Қашаубаев, Қалыбек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, тағы басқа актерлармен бірге жаңа театрдың негізін қалаушылардың бірі болды. Жас театр қойған алғашқы пьесаларда - Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» мен «Бәйбіше-тоқалында» басты рөлдерде ойнаған.



Ал өзі инсценировка жасаған «Біржан-Сара» қойылымында Біржан болып ойнап, ақындық, әншілік, домбырашылық өнерімен жұртты ерекше сүйсіндіреді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Оңтүстік Қазақстан облыстарында тұрып, ел аралап, үгітшілік қызмет атқарды.

Халықты жауын жеңуге шақырды. Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Әнші-ақынның есімі Павлодар облысы Ертіс ауданыдағы ауылдық округке, Үлгілі ауылындағы орта мектепке берілген.

4 қазан

МӘЖИТ МҰҚАНОВ
туғанына 105 жыл (1920-1986)

Мұқанов Мәжит Мұқанұлы (1920-1985) – қазақ психологы. Жалпы, даму және этникалық психология саласындағы маман, Қазақстандағы психология ғылымының танымал жетекшісі және ұйымдастырушысы. Психология ғылымдарының докторы (1980), профессор.

Он бес жыл бойы КСРО ОП-ның республикалық бөлімін басқарды. Жыл сайынғы университет аралық ғылыми «Психология» журналының (1970-1981) бас редакторы болды. А.И. атындағы Ленинград педагогикалық институтын бітіргеннен кейін. Герцен және С.М. атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасы. Кирова кандидаттық диссертациясын қорғап, 35 жыл бойы Алматыдағы университеттерде психологиядан сабақ берді.

1958 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін атындағы ҚазПИ-де қызмет етті. Абай, 1968 жылдан бастап Қазақстандағы алғашқы психология кафедрасын басқарды. М.Мұқанов қазақ этносының мәдениеті мен әдет-ғұрпының терең білгірі болды.

1953-60 жылдар арасында Алматының шет ел тілдері педагогикалық институтының, 1960-1985 жылдары Қазақтың Абай атындағы пединститутының психология кафедрасының меңгерушісі болды.



М.Мұқанов 1980 жылы докторлық диссертация қорғап, кешікпей профессор атағын алды. Ол жалпы психология, жас, педагогикалық, этнос психологиясынан жазылған оннан аса жеке еңбектердің авторы.

5 қазан

КӘРІМ АЙНАБЕКОВ
туғанына 85 жыл (1940)

Кәрім Айнабеков 1940 жылы 5 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданына қарасты (бұрынғы Арыс ауданы), Бадам стансасында өмірге келген. Новосібір электротехникалық институтын және Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Шымкент облыстық өндірістіктехникалық байланыс басқармасында бөлім бастығы, кейін осы мекеме басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1998–1999 жж. Ақтөбе қалалық Пошта бастығы, 1999–2003 жж. «Қазақтелеком» Ақтөбе облыстық дирекциясында қызметкер болған. 1977 жылы «Тұңғыш кітап» сериясымен «Таң шапағы» («Жалын»), 1991 жылы «Махаббат моншақтары» (Ақтөбе), 1994 жылы «Сені іздеймін» («Рауан»), 1998 жылы «Күнім, күніңмін» («Рауан»), 2002 жылы «Жанарымда жалғыз сен» («Білім») атты жыр жинақтары жарық көрген. «Жұлдызым жоғары» атты хикая, әңгімелер, очерктер, эсселер, аудармалар жинағы шыққан. Қырғыз жазушысы Таш Мияшевтің «Қоштасу» повесін, Александр Гельманның «Арождан алдында» пьесасын аударған.

Х.Исламов пен А.Қадыровтың «Малшылар патшасы» пьесасын қазақ тіліне тәржімалаған, бұл қойылым Ақтөбе қаласындағы «Алақай» қуыршақ театрында сахналанған.

Қазақстан Республикасының «Құрметті байланысшысы» атағының иегері. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» медальдарымен марапатталған.



Әбу Сәрсенбаев 1905 жылы 15 қазанда қазіргі Атырау облысы Құрманғазы (Теңіз) ауданы Мақаш ауылдық округінің Алға ауылында дүниеге келген. 1929 жылы Астрахань кеңестік партия мектебін бітіріп, 1932-1934 жылдары Алматыдағы Комвузда оқыған. 1934-1936 жылдары «Түрксіб» газетінде редактор, 1936-1942 жылдары Қазақтың мемлекеттік баспасын басқарды. 1942-1947 жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947-1953 жылдар аралығында Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасының директоры болды.

Әдебиетке 1930 жылдардың орта тұсында келді. «Еділ толқыны» (1937), «Жүрек сыйы» (1938), «Ант» (1939), «Ақша бұлт» (1947) жыр жинақтары оның ақындық қарымын танытса, «Туған өлке» (1948), «Махаббат жыры» (1949), «Отан таңы» атты кітаптары Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы еңбек қаһармандарының бейнесін жасауға арналған. Оның прозалық шығармаларының ішінде Каспий теңізшілерінің қазіргі еңбегіне, өміріне арналған «Теңіз әуендері» (1969) романының орны ерекше болса, «Толқында туғандар» (1953) кітабында байырғы қазақ балықшы-жұмысшыларының ауыр тіршілігін шыншылдықпен бейнелейді.

«Арбасу» (Қ.Жұмалиевпен бірлесіп, 1948), «Теңіз махаббаты» (1975) атты пьесалары, «Әдебиет хрестоматиясы» (Е.Исмайыловпен бірге құрастырған, 3 сынып үшін, 1938), «Оқу кітабы» (үлкендер мектебіне арналған, 1941), «Ана тілі» (3 сынып үшін, 1948, 1959) атты оқулықтары жарық көрген. Әскери новеллалар мен эсселер жинақтары да бар. Шығармалары орыс, эстон, түрікмен, тәжік, болгар, т.б. тілдерге аударылған.

А.Пушкин, М.Лермонтов, Ш.Петефи, Н.Некрасов, Фаиз шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Жазушының әдебиетке қосқан еңбектері еленіп, 1987 жылы Қазақстанның Халық жазушысы атағы берілді.



Октябрь (Қазан) Революциясы, I дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. 1995 жылы 25 қарашада өмірден өтті.

23 қазан

ЖАҚСЫЛЫҚ АЙЖАНОВ
туғанына 75 жыл 1950)

1968 жылы Жарқамыс орта мектебін бітірген. Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған. Еңбек жолын 1968-1969 жылдары Жаңатаң бастауыш мектебінде ұстаздық қызметтен бастаған.

1975 - 1979 жылдар аралығында Жем, Жаңатаң орта мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, 1979 жылдан облыстық телекомпанияда редактор, 1985 жылы аға редактор, 1986 - 1996 жылдары Бас редактор болып қызмет еткен. 1996 жылдан бері осы телекомпания төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған.

2 қараша

ЖИЕНҒАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНОВ
туғанына 130 жыл

Жиенғали Тілепбергенов (1895–1933) Ақтөбе облысының Темір ауданында туған. Өз ауылындағы бастауыш мектептен кейін Орынборда оқып, 1915 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне ауысады.

Оны 1918 жылы тамамдайды. Медреседегі қазақ балалары 1915–1918 жж. шығарған «Садақ» атты қолжазба журналдың Б. Майлиннен кейінгі редакторы болды. Қонжар, Қандыағашта мұғалім (1918–1920), Темірде оқу бөлімінің инспекторы, меңгерушісі (1920–1925), Ақтөбедегі «Кедей» газеті (1925) редакторының орынбасары, Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінің редакторы (1927–1928), Қызылордадағы ағарту институтының оқу-тәрбие жұмысын басқарушы (1929), «Сыр бойы» газеті редакторының орынбасары, Алматыдағы қазақ мемлекеттік баспасының (1931), Темірдегі «Социалистік майдан» газетінің редакторы (1932–1933) болды.



1930 жылы «Таңбалылар» атты повесін жазды. «Перизат–Рамазан», «Тілші» пьесалары қазақтың ұлттық театрының сахнасында қойылды. Әңгімелері мен фельетондар жинағы 1969 жылы «Ізбасар» деген атпен жеке кітап болып басылды.

10 қараша

ҮМБЕТ УАЙДИН
туғанына 90 жыл (1935-2018)

Уәйдаұлы Үмбетбай (Уайдин) 1935 жылы 10 қарашада Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Темірастау ауылында туған.

Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген (1965). 1957–1958 жж. Донбастағы Красный луч қаласында шахта құрылысшысы, 1958 жылы Шалқар аудандық газеті редакциясы жанындағы баспаханада баспашы (печатник) болған.

Кейін Қазақ радиосы, «Ара–Шмель» журналы, Қазақфильм киностудиясы, «Өнер» баспасы, Қазақстан кітапқұмарлар қоғамы мен Жазушылар одағында әр түрлі қызметтер істеген. Көп жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетінде және Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын дарынды балалар мектеп-интернатында ұстаздық етіп келеді.

Ақтөбе облысы Шалқар, Ырғыз аудандарының Құрметті азаматы. Жекелеген кітаптары орыс, украин, қырғыз, қарақалпақ, тува тілдеріне аударылған.

Қазақстан сатириктерінің «Найзагер» қауымдастығы президентінің орынбасары. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Шығармалары: Қара көзілдірік. А., «Жазушы», 1969; Құрдым сиыр. Балаларға арналған суретті кітап. А., «Жазушы», 1971; Ендігісін айтпаймын. Өзіл-сықақтар. А., «Жазушы», 1978; Ішің білсін. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1976; Контейнермен келген кемпір. Өзіл-сықақтар. А., «Жалын», 1978; Тілсіз қоңырау. Өзіл-сықақ әңгімелер. А., «Жазушы», 1980; Быды-быды. Өзіл-сықақтар. А., «Жалын», 1982; Нанайын ба, нанбайын ба? Өлеңдер. А., «Жазушы», 1984;



Особая столичная простокваша. Сатирический сборник. А., «Жалын», 1984; Өмірге құштарлық. Публицистика. А., «Жазушы», 1985; Мәселе қайда жатыр. Публицистика. А., «Жазушы», 1987; Пәлен-пәштуан. Әзіл-сықақтар. А., «Жазушы», 1992; Алло, бұл кім? Сахналық сатира. А., «Өнер» 1991; Мәңгілік мәселе. Публицистика. А., «Рауан», 1993; Атың кім, әй? Әзіл-сықақтар. «Қожанасыр» баспасы, 1995; Знакомство по объявлению. Сатира. Общий сборник. 1986; Әумин! Өлеңдер жинағы. «Өлке», 2001; Сен кімге күлесің. Сатира. А., «Ана тілі», 2003; Біз былай байығанбыз. Сатира. «Ана тілі», 2005; Оңашадағы ойлар. Қанатты сөздер. «Нұрлы әлем», 2005; Әдеп әлемі. Танымдық-тағлымдық педагогика. «Ана тілі», 2008.

15 қараша

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН
туғанына 100 жыл (1915-1973)

Мәлік Ғабдуллин (1915–1973) - 15 қарашада Көкшетау облысының Зеренді ауданындағы Қойсалған ауылында дүниеге келді.

1935 жылы ҚазПИдің тіләдебиет факультетін бітірген. «Пионер» газеті жауапты редакторының орынбасары, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында кіші ғылыми қызметкер болып істеген. 1938–1941 жж. ҚазПИдің аспирантурасында оқыды.

Генерал И.В.Панфилов бастаған даңқты 28 гвардия дивизиясы құрамында Ұлы Отан соғысына бастанаяқ қатысты. Автоматшылар ротасының саяси жетекшісі, Затқыштар батальонының комиссары, полк үгітшісі болған. Мәскеу іргесіндегі қанды шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсеткен.

1944–1946 жж. КСРО Қорғаныс Министрлігі Жоғарғы Саяси Басқармасы үгіт-насихат бөлімінің бастығы болып істеген.

1946–1951 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтында директордың орынбасары, директоры, 1951–1963 жж. ҚазПИдің ректоры, 1963 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін Қазақ КСР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі міндеттерін атқарды. Екі рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған.



1938 жылдан бастап қазақ фольклорының мәселелерін терең зерттеген ғалым.

1947 жылы «Қобланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген (1958) монографиясында халқымыздың лироэпосы, батырлық жырлары, ертегіаңыздары, тұрмыссалт өлеңдері, жұмбақтар, мақалмәтелдер, жаңылтпаштар, суырыпсалма өнері туралы ғылыми топшылаулар мен қорытындылар жасады.

Филология ғылымының докторы (1959), профессор (1959), КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі (1959), Совет Одағының Батыры (1943), Қазақ КСРнің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1972). Қызыл Жұлдыз, 1 дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Шығармалары: Менің майдандас достарым. ҚБМБ, 1947; Алтын жұлдыз. ҚБМБ, 1948; Майдан очерктері. ҚМКӘБ, 1959; Ел намысы – ер намысы. А., «Жазушы», 1966; Сұрапыл жылдар. А., «Жазушы», 1972; Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., «Мектеп», 1958; Атааналарға тәрбие туралы кеңес. А., «Мектеп», 1966; Менің майдандас достарым. А., «Жазушы», 1985.

24 қараша

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН
туғанына 130 жыл (1895-1983)

Сапарғали Бегалин (1895–1983) 24 қарашада Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында дүниеге келген. Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1915 жылы Семей қаласындағы орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген.

1929–1935 жж. Дегелең облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі.

Бөлім меңгерушісінің орынбасары, аудандық халық судьясы болды. Қазақ егіншілік халық комиссариатында, Түркісіб басқармасында жауапты жұмыстар атқарды.



1935–1956 жж. «Теміржолшы» газетінде, Қазақ КСР ҒАның Тіл және әдебиет институтында (қазіргі Әдебиет және өнер институты), Қазақстан Жазушылар одағында қызмет етті.

Алғашқы өлеңі – «Қазақ бозбалаларына» 1914 жылы «Айқап» журналының № 9 санында басылды. «Қыран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963), т.б. өлеңдер мен поэмалар, «Көксегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұтақ» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976), «Екі томдық шығармалар» (1976), т.б. әңгіме, повестер жинақтары, «Замана белестері» (1975) романы жарық көрді.

Халық ақындарының шығармаларын сұрыптап жинақ етіп шығарды («Халық ақындары», 1953; «Өмір жыры», 1953), өнер саңлақтары жөнінде («Сахара сандуғаштары», 1976), жыр алыбы Ж.Жабаев туралы монография жазды. Көптеген туындылары шетел тілдеріне тәржімеленді.

Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» (2 рет) ордендерімен және медальдармен марапатталған.

24 қараша

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ **туғанына 140 жыл (1885-1935)**

Қарға тамырлы қазақ үшін, айбарлы алты алаш үшін жанын қиған асыл арыстарымыздың бірі - Міржақып Дулатұлы. Өз еркімен емес, темір шеңгелді жалмауыз жүйенің маңдайға тиген қатты соққысынан қалың ұйқыға кеткен қаймана халықтың есін жинап, еңсесін көтерту үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, бозторғайдай шырылдаған, сол күрес жолында қоғам қайраткері болып қана қоймай, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, ұрпағына баға жетпес асыл қазына қалдырып кеткен сегіз қырлы, бір сырлы дарын бұрынғы Торғай облысының Жангелдин ауданындағы Қызбел атырабында 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген.

Әкесі Дулат ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерлік шаруасы бар, қолы шебер адам болыпты.



Көзі ашық, көкірегі ояу әке кіші баласы - Міржақыпты «оқысын, білсін» деп ауыл молдасына оқуға береді.

Міржақып Дулатов өзі жазған өмірбаянында «1897 жылы мен екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түстім, оны бітіргеннен кейін оқытушылар курсына оқып, ауыл мұғалімі деген мамандық алдым. Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімді жетілдіруге жұмсадым», - деп жазады.

Торғай топырағына білімнің ұрығын сеуіп кеткен Ыбырай Алтынсарин мектебі жас ұрпаққа бұл кезде игі ықпалын тигізді. Мұқан мұғалім де, Ахмет Байтұрсынұлы да, ағасы Асқар да Ыбырай Алтынсарин мектебінің түлектері еді.

Міржақып анасынан екі жасында, әкесінен он екі жасында айырылып, ағасы Асқардың қолында тәрбиеленеді. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың оқып, білімді азамат болып, өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін күн тәртібіне шығарған және қазақ зиялыларының еркін пікір алаңына айналған. «Қазақ» газеті жарық көре бастағаннан бастап оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлының орынбасары қызметінде Міржақып Дулатұлы болды. Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Қазақ оқырмандары арасында бұл кітаптың әсері өте күшті болды. Бұл кітап жас авторға патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргін ала келді, ол тергеу органдарының бақылауына алынды, артынша «Оян, қазақ!» кәмпескеленді.

1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей жазып тұрады.

1935 жылы қазанның 5-і күні Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец стансасында, лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.



Дулатұлының «қылмысты» ісін жан-жақты тексере келіп, Қазақ КСР-нің прокуроры 1988 жылғы қазанның 27-сі күні тиісінше наразылық білдірді де, Республика Жоғарғы Сотының коллегиясы сол жылғы қарашаның төртінде оның ардақты есімін біржола ақтады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі Міржақып шығармалары халқымен қайта қауышты. Оның атында көшелер, мектептер, туған жерінде мұражай бар, ескерткіш орнатылған.

27 қараша

ҚАЛДЫБАЙ БЕКТАЕВ
туғанына 105 жыл (1920-1996)

Қалдыбай Бектайұлы Бектаев (27.11.1920, Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданы Шұбар ауылы – 1996, Шымкент қаласы) – физика-математика ғыл. канд., филол. ғыл. докт. (1975), проф. (1976), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1980). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан.

Орта Азия ун-тін бітірген (1946). 1946–1948 ж. Шымкент педагогика институтында оқытушы, 1958–1996 ж. кафедра меңгерушісі, декан (1965–1968) болды. 1968–1974 ж. Қазақстан ғылым академиясының Тіл білімі институтының статист.-лингвист. зерттеулер және автоматтандыру тобын басқарды. Негізгі ғыл. еңбектері ықтималдық теориясына, матем. статистикаға, ақпарат теориясына және матем.-инж. лингвистика мәселелеріне арналған. Ол – математика және кибернетикалық әдістерді түркі тілдерін зерттеуге тұңғыш рет қолданған ғалым. Бектаевтың басшылығымен республикада алғаш рет электрондық есептеуіш машинаның көмегімен мәтіндердің ағылшын тілінен орыс тіліне машиналық аудармасы жасалды. 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Бектаевтың жетекшілігімен 1979 ж. «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» жарық көрді. Бұл еңбекте жазушының сөз байлығына, сөздерді қолдану тәсіліне, стилистикалық ерекшеліктеріне сандық сипаттама берілді.



Бұл зерттеу қазақ және жалпы түркі тілдерін, көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін зерттеушілер үшін мол мағлұматтар береді.

28 қараша

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ
туғанына 90 жыл (1935-1983)

Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденов - 1935 жылы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келді.

1954 жылы Нұржау кеңесіне қарасты Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1954-55 жж. «Жас қайрат» сегізжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1955-56 жж. Қарағандыдағы №33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып істеді. 1956-59 жж. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының халық аспаптар бөлімінде дәріс алды. 1959-65 жж. «Жазушы» баспасында кіші редактор, 1965-66 жж. «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, 1966-71 жж. Қазақстан Жазушылар Одағында әдеби кеңесші болып қызмет атқарды.

1971-73 жж. Москва қаласындағы М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғарғы әдеби курсты бітірді. 1974-78 жж. Қазақ мемлекеттік кітап саудасы жөніндегі комитетінде редактор, 1978-83 жж. «Мектеп» баспасының тарих және география бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді.

Алғашқы өлеңі «Лениншіл жас» газетінде 1955 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Балауса» атпен 1961 жылы жарық көрді. Содан бергі уақыт ішінде ақынның «Сыбызғы сыры» (1962), «Өз көзімнен» (1964), «Жоқ, ұмытуға болмайды!» (1965), «Жарық пен жылу» (1966), «Күй кітабы» (1967), «Мезгіл әуендері» (1968), «Ұлым,саған айтам» (1970), «Қызғалдақ жайлы баллада» (1971), «Мен туған күн» (1972), «Жеті бояу» (1979), «Шуақ (1980), «Ашық аспан» (1981), «Темірқазық» (1982), «Қыран қия» (1984), «Менің топырағым» (1985), «Ұрпағым, саған айтам» (1988), «Мен тамырмын» (2001), «Қасірет пен қайсарлық» (2001),



«Жаңғырық» (2003), «Менің Қазақстаным» (2008) атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. Үш томдық өлеңдер мен дастандар жинағы 1996-1997 жж. , екі томдық өлеңдер жинағы 2005 ж.жарық көрді.

2010 жылы ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің озық үлгілі классикалық шығармаларының «Алтын қалам» сериясы бойынша өлеңдер мен поэмалар жинағы жарыққа шықты. 2012 жылы Ж.Нәжімеденовтың жеті томдық толық шығармалар жинағы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді.

Қаламгер проза жанрында да қажырлы еңбек етті. Оның қаламынан «Ақ шағыл» (1973), «Кішкентай» (1975), «»Даңқ мен дақырт» (1977) атты романдар жарық көрді. Ақынның әңгімелері мен повестері, хикаяттары мен сын мақалалары топтастырылып, 2005 жылы «Аспан шақырады» деген атпен басылып шықты.

Ж. Нәжімеденов асқан күйші болатын. Оның «Күй кітабы» атты шығармасының негізінде 2006 жылы аудио-кітап жарыққа шықты. Аудиокітапта ақынның күй құдіретін түсіндірген өлеңдері және өнер қайраткерлерінің орындаған туындылары қатар өріліп, тыңдарманына тарту етілген.

Ақынның орыс тіліне аударылған «Весенние ветры» (1969), «Мое рождение» (1982), «Тебе говорю, потомок» (1986), «Солнцеворог» (1994) атты өлеңдер жинақтары басылды. 2003 жылы Санкт - Петербург қаласында орыс тіліне аударылған таңдамалы өлеңдері топтастырылған «Я есть» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көрді.

2002 жылы Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы сериясымен «Жұмекен» атты жинақ басылып шықты. 2005 жылы «Менің Қазақстаным» (2005) атты кітап қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді.

Түрік ақындарының өлеңдерін, А.Блоктың «Зауал» дастанын, М.Лермонтов пен В.Маяковскийдің көптеген өлеңдерін, А.Вознесенскийдің шығармалар жинағын қазақ тіліне аударды.

Ақын 1963 жылы Москвада өткен Жас жазушылардың IV конференциясына делегат болып қатысты.



1967 жылы Ұлы Отан соғысындағы қасіретті жырлаған «Жоқ, ұмытуға болмайды!» деген дастандар жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Ж.Нәжімеденов - Атырау облысының Құрметті азаматы.

Жүмекен Нәжімеденов - 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Әнұранының авторы.

2010 жылы «Менің Қазақстаным» атты өлеңдер мен дастандар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

Ақынның туған ауданында бір ауыл және орта мектеп оның есімімен аталады. Ол туралы «Жүмекен» атты деректі фильм және М.Азбанбаевтың «Менің Қазақстаным - Жүмекен» атты зерттеу кітабы жарық көрді. Ақын шығармашылығы туралы Қ.Юсуповтың «Ж.Нәжімеденовтің ақындығы» деген монографиясы басылды.

2006 жылы ақынның өмірі және шығармашылық жолы туралы «Жүмекеннің жүрегі» деген естелік кітап жарық көрді.

19 желтоқсан

ТӨЛЕГЕН ТОҚТАРОВ
туғанына 100 жыл (1920-1945)

Еліміздің еркіндігін, ар намысын қорғаған ержүрек перзентеріміздің бірі - Төлеген Тоқтаров. Ол 1920 жылы Шығыс Қазақстан облысы Таврия ауданы Қарақұдық ауылында дүниеге келген.

Төлегеннің ата-анасы ашаршылық жылдарының құрбаны болған. Әкесінің інісі Ғадылқұмар Төлегенді сол кездегі Риддер қаласына алып келеді. Мұнда Төлеген қазақ мектебінде жеті кластық білім алады. Кішкентай кезінен қиындық қыспағын көріп, ол өте пысық әрі өжет болып өседі. 1938 жылы он жеті жасында сол кездегі ірі кәсіпорын - қорғасын заводына жұмысқа түседі. Ол алғашқы күндерден-ақ өзін қабілетті іскер жас ретінде көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда әскер қатарына алуын өтінген Төлегеннің өтініші қабылданады. Ерікті түрде ол бастаған лениногорлық бір топ жас жауынгерлер Москва маңындағы Панфилов дивизиясына келіп қосылады.



Бұл 1942 жылдың 12 қаңтар болатын. Осылайша Төлеген 275-полктың автоматшылар ротасының жауынгері болады. Міне осы қаңтар айынан бастап, оның майдандағы өмірі басталады. Содан тоғызыншы ақпанға дейін... Көп емес...

Өте тапқыр, ержүрек те ақжарқын жас жігіт келген күннен-ақ рота жауынгерлері арасында зор сүйіспеншілікке бөленді. Ол өз өнегесімен қарулас жолдастарын жеңіске жігерлендіріп, бәрін батыл қимылдауға, қауіпті кезде селт етпеуге шақырды. «Ажалдың көзіне тура қара, кірпік қақпа, сонда сенен ажал қорқады, сен жеңесің», - дейтін еді ол.

Төлеген Нагаткино, Соколово, Трошково, Бракловицы, Траково деревнялары үшін болған ұрыстарда ерекше ерлігімен көзге түседі, Төлегеннің бөлімшесі 1942 жылдың 9 ақпанында Бородино селосы үшін дұшпанға қарсы ұрыс жүргізді. Бұл ұрыс бірнеше күнге созылды. Даңқты ерлікке толы Бородино үшін болған ұрыста Төлеген қаһармандық ерлік көрсетіп, қаза тапты.

Отан гвардияшы Т.Тоқтаровқа Кеңес Одағының батыры атағын беріп, оны ерлігі жоғары бағаланды. Т.Тоқтаров жайлы ән, опера жазылды.

Лениногор полиметалл комбинатының территориясындабатырға ескерткіш орнатылған. Кенді Алтайда Т.Тоқтаровтың есімімен мектеп, көше, алаң аталады. Жазушы К.Сақабаевтың Төлегеннің өмірбаянына арналған «Намыс» атты повесі 2000 жылы жарық көрді.

24 желтоқсан

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ
туғанына 115 жыл (1910-1982)

Бауыржан Момышұлы (24 желтоқсан 1910 - 10 маусым 1982) — Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. Батыс майданындағы 16 армияның 316 (1941 жылдың қарашасынан бастап 8-гвардиялық Қызылту атқыштар дивизиясы 1073 атқыштар полкінің (1941 жылдың қарашасынан 19 Гвардия полкі) және батальон командирі.



Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Москва үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколам тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады.

1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді.

1932 - 1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Атқару комитетіндегі қызметімен көзге түскен Бауыржан Тимофей Дубовиктің қолдауымен Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болады.

Осы қызметте жүрген уақытта 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі Б.М.Барханның жолдамасымен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсты бітіреді. Біліктілігін бағалаған басшылық оны КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант ретінде тағайындайды. 1936 жылы жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады. Бұл кезде рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады.

1939 жылы әкесі Момыш қайтыс болады. 1946-1948 жылдары Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болады. 1948-1950 жылдары 49-атқыштар бригадысы командирінің орынбасары қызметін атқарады. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны тәмамдайды. 1953 жылы академик Ван-Чон-Худың басқаруымен келген Қытай делегациясымен кездеседі. Соғыстан кейін 1950-1955 жылдары Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан соң, елге оралады.



Елде біраз уақыт жұмыс табылмайды. Өмірбек Жолдасбеков Қазақ Ұлттық Университетінің әскери кафедрасына жұмысқа алмақ болады. Алайда оған да қарсылық болған көрінеді. Батыр енді толықтай шығармашылықпен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген білгендерін шығармаларына арқау етеді.

Оның қаламынан туған, өмір шындығының негізіндегі тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығарылды. Бауыржан соғыс уақытында Серігім, Жазушыға, Қалыбек аға, Біреулерге, Омарбекке, Жардың мұңы, Ғ-ға, Ана тілін ардақта, Досыма, Толғау атты өлеңдер жазған. 1952-1956 жылы Офицердің күнделігі, Бір түннің тарихы, Біздің семья деген алғашқы кітаптары жарық көрді.

27 желтоқсан

МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВ
туғанына 115 жыл (1910-1995)

Мұхамеджан Қаратаев (1910–1995) 27 желтоқсанда қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Телікөл ауылында туған.

Әдебиет зерттеуші, Қазақ КСР Халық жазушысы (1987), профессор (1967), Қазақ КСР ҒА-ның академигі (1975). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері (1974). Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1933).

1936–1938 жж. Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы, төрағасы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қазақ және орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

1938 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы президиумының мүшесі, Қазақ әдебиеті секторының меңгерушісі.

1947–1951 жж. Жамбыл педучилищесінде оқытушы.

1955–1960 жж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында (қазіргі «Жазушы») редактор, бас редактордың орынбасары, директор.

1960–1968, ҚСЭ-нің бас редакторы (1968–1979), 1979–1988 жж. Қазақ КСР ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі, кеңесшісі.



Ол 30-жылдардан сыншы-ғалым ретінде қазақ әдебиетіне белсене араласты. 50-жылдардың орта кезінен бастап қазақ әдебиетінің даму тарихын, теориясын, эстетикалық мақсат-мұратын зерттеумен шұғылданады. Қазақ әдебиетінің қалыптасу проблемаларын зерттеді. «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), «Шеберлік шыңына» (1963). «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» (1965), «Эпостан эпопеяға» (1969), «Революция рухымен» (1978), т.б. еңбектер жазды. «Даладағы дабыл» атты публицистикалық романы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет басылды. М.Горькийдің «Менің университетім», М.Шолоховтың «Тынық Дон» романын (3-кітап) аударған.

Халықаралық әдебиет сыншылары қауымдастығының мүшесі (1974), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты («Асулар алда» монографиясы үшін, 1974).

Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және академик С.И.Вавилов атындағы медальдармен марапатталған. Шығармалары: «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), «Рожденная Октябрем» (1958), «Путешествия за песнями» (с Брагиным А.) (1958), І.Жансүгіров (1959), «Казахская литература» (1960), «Любить и утверждать прекрасное» (1960), «Өнерпаз болсаң арқалан» (1960), «Гудок в степи» (с Алтайским К.). (1961), «Даладағы дабыл» (1962), «Шеберлік шыңына» (1963), «С.Сейфуллин» (1964), «Әдемілікке үйрететін ұстаз» (1965), «Осы заман шындығы – қазіргі әдебиет өзегі» (1965), «Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы қалыптасуы» (1965), «Мировоззрения и мастерство» (1965), «Сұлулықты қастерлейік» (1965), «Мұхтар Әуезов» (1967), «Эпостан эпопеяға» (1969), «От домбры до книги» (1969), «На пути солнца и ветра» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970), «Путешествие в Жер-Уюк» (1971), «Совет әдебиетінің мақтанышы» (1972), «Таңдамалы шығармалар» (1-3 том). (1974), «Свет русской культуры» (1975), «В Семье единой» (1976), «Эстетика казахского фольклора» (1976), «Қазақ әдебиетінің классигі – М.Әуезов» (1977), «Жиделі-Байсын – земля счастья» (с К.Алтайским). (1977), «Вершины впереди» (1977), «Революция рухымен» (1978), «Новые горизонты» (1979), «Октябрь төлі» (1980), «Ғ.Мүсірепов» (1982),



«Көргенім мен көңілдегім» (1982), «Ізденіс іздері» (1984), «Соб. Соч. В 3-х томах» (1986–1987), «Бетбұрыс белестері» (2005), «Ғасырлар үндеуі» (2006), «Основоположники казахской советской литературы» (совместно с Б.Наурызбаевым и М.Дуйсеновым). (1984), «Қазақ совет әдебиеті» (оқулық). (1938), «Қазақ совет әдебиеті» (оқулық). (Т.Нұртазин, С.Қирабаевпен бірге). (1968), «Қазақ совет әдебиеті» (оқулық). (С.Қирабаевпен бірге). (1971), «Қазақ совет әдебиеті» (оқулық). (1987), «Қазақ әдебиеті тарихы 3-т, 2-кіт.» (1967).

ТІЛЕУ АЙТҰЛЫ ***туғанына 395 жыл (1630-1684)***

Тілеу Айтұлы 1630 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында туылған. 1680 жылы Салқам Жәңгірдің ұлы әз Тәуке хан сайлағанда Тілеу батыр да ұлықтау рәсіміне қатысқан. Тәуке таққа отырғаннан бір жылдан кейін қалмақ ханы Ғалдан-Бошалақты қазақ жеріне басып кірген. Мұздай қаруланған жоңғар әскері жолындағыны қоғадай жапырып келе жатқан соң әз Тәуке батыстағы қандастарына жаушы аттандырады.

Қазақтың ырыс-ынтымағының беріктігі сол, Тілеу батыр қасына інісі Қалдыбай мен баласы Жолдыаяқты ертіп, 17 мың сарбазбен Түркістанға келеді. Тәукенің алдынан өткен соң Сайрамдағы сұрапыл соғысқа аттанады. Қазақ ордасының алтын дінгегінің бірі болған Сайрамдағы төрт жылға созылған соғыс жеңіліске ұшырағанымен мейманасы тасып келген жоңғарды қалжыратып, қайтадан күш жинау үшін еліне қайтарады.

Тілеу батыр баласы Жолдыаяқ екеуі асқан ерлікпен 1684 жылы осы соғыста қайтыс болады. Қазақ астанасы Түркістанды осы жолы басып алып, қалың елді қайқы қылыш астында ұстауына мүмкіндік бермейді. Міне, Тілеу батыр он жеті мың сарбазымен елінің азаттығы үшін қырқысқан Сайрам соғысының маңызы. Тілеу батыр мен баласы Жолдыаяқ екеуі Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген. Шымкент пен Ақтөбе қаласында Тілеу мен Жолдыаяқ батырға арнап ескерткіш орнатылған.



АЙШУАҚ ХАН ***туғанына 305 жыл***

Айшуақ хан (1720-1810) - Кіші жүзді билеген хан (1797-1805), Әбілхайыр ханның баласы.

Айшуақ сұлтан Нұралы ханның тұсында Жетіруға билік жүргізген. 1748-1749 жылдары қазақ шонжарларының төрт баласымен бірге (інісі Қожахметті алмастырып) Жаманқалада (Орск қаласы) аманатта болған. Апақ және Жантөре деген балалары Сырым батыр бастаған қозғалысқа белсене қатысуына байланысты 1785 жылы атаман Донсков Айшуақ ханды тұтқынға алып, екі жылдай қамауда болған кезінен Сырым батыр және Ералы сұлтандардың араласуымен босатылады.

Айшуақ хан 1797 жылы 8 тамызда ашылған Кіші жүздегі хан кеңесіне төрағалық еткен. Бұл кеңеске шекті сары Шонай би, сықылар Сұлтанбек, алаша Шақшақ, табын Көшекбай, кердері Бітік мырза және патша үкіметінің өкілі мүфтий М.Хұсайынов мүше болған. Кеңестің жұмысына, негізінен патша үкіметінің өкілі мүфтий М.Хұсайынов ықпал еткенімен, Айшуақ хан Орынбор әкімшілігі мен Сырым батырдың арасын бітістіру, ел ішіндегі тыныштық орнату бағытында елеулі жұмыстар атқарған.

Хандық басқаруды шайқалтуға әбден машықтанған патша үкіметі 74 жастағы Айшуақ сұлтанды 1797 жылы қазанда Орынборда таққа көтереді.

Әскери губернатор жоспары бойынша хан мен Хан Кеңесі бір жерде тұрақтауы тиіс болған. Айшуақ хан Кіші жүзді басқарған жылдарда әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлардың шиеленісіп, рулар арасындағы тартыс күшейіп, түсінбестік жағдай қалыптасады.

1805 жылы 17 ақпанда өз билігінің дәрменсіздігін сезінген Айшуақ хан біржолата хандық биліктен бас тартып, орнына Айшуақтың баласы Жантөре сайланады.



АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ **туғанына 350 жыл (1675-1768)**

Ақтамберді жырау (1675-1768 ж.ж.) – Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Қаратауда туған, 1768 жылы Семей облысының Абай ауданындағы Жүрекжота деген жерде қайтыс болған. Жорық жырауы, әскербасы, қоғам қайраткері.

Қазақ халқы басынан кешірген ұлы күйзелістер кезінде өмір сүрген Ақтамберді 17 жасынан бастап қалмақтармен, Орта Азия билеушілерімен болған шайқастарға қатысады. Бұл соғыстарда ол батылдығымен ерекшеленеді, кейінірек әскербасылық қабілетімен де көзе түседі. Талай-талай ұрыстарда ысылып, батыр атанған Ақтамберді жырау тарихқа «Ұлы апат жылдары» болып енген оқиғалардың ішінде жүрді. Жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі болды.

Жоңғар мемлекетін талқандап, Қазақстанның шығыс өңірін жау қолынан босатқаннан кейін, Ақтамберді жырау қазақтарды ежелгі ата-бабалары өмір сүрген қоныстарына орналастыруға белсене атсалысты.

Ақтамберді өз қарамағындағы қазақ руларын отырықшылыққа үйретуге тырысты. Бұл бағытта арық қазуды, бөген салуды ұйымдастырып, қазақтарды егін шаруашылығына үйретуді қолға алады.

Ақтамберді жырау туындылары негізінен нақыл-өсиет түрінде келеді. Олардан көшпелі қазақ халқының ой-арманын, мақсат-мүдделерін білуге болады.

Көшпенділердің өміріндегі үй жануарлары, әсіресе жылқының орны мен рөлі туралы ой -толғаулары өзгелерден биік туады. Ол жылқы малын «ер қанаты» дей келе, оны жауға қарсы шапқан батырдың серігі ретінде суреттейді.

Ақтамберді жырларының арқауы батырлыққа үндеу, жауға қарсы соғысқа жігерлендіру болып табылады. Ол жоңғарлардың билігінде қалған қазақ далаларын азат етуді, қазақ халқының өрлеуін, жоңғар басқыншыларын толығымен жеңуді армандайды.



Көптеген өлеңдерде қазақ халқын жауға қарсы жан аямай күресуге шақырады. Ақтамберді жыраудың сұрапыл соғыстар кезінде туындаған өлеңдері XVIIIғасырдағы қазақтардың жауынгерлік өр рухын дәріптейді.

АҚТАН БАТЫР
туғанына 255 жыл (1770-1854)

Ақан Ақайұлы (шамамен 1770-1854) халық батыры. Руы - Қаракесек. Жанқожа батырдың үзенгілес серігі, оның Хиуа, Қоқан бекіністеріне жасаған жорықтарына қатысқан.

Қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданы Ақтан батыр (Арықбалық) ауылына қарасты Түлкіқашқан қонысында дүниеге келген.

XIX-шы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830-1840 жылдары жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы Жаңадария, Қуандария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал теңіздеріне дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды.

Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817 жылдан бастап салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұрды.

Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар, жастайынан әділдігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасады.

Жалпақ жұртқа белгілі жайт - Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Жанқожа қаракесек Ақтан батырмен бірге көне Жанкенттің жанындағы Хиуа бекінісі - Жаңақаланы тас-талқан етеді. П.Ивановтың көрсетуі бойынша, бұл оқиға 1842 жылы болған.



Жаңақаланы алардағы ұйымдастырушылығы мен жанқиярлық батырлығы үшін халық қаракесек Ақтан Ақайұлын бүгінгі күнге дейін ерекше ілтипатпен атайды. Қазақтың санаулы батырларының бірі деп біледі.

Сондай-ақ осы жылдың қазан айында Хиуа хандығының сыр бойы қазақтарынан ұшыр, зекет жинауға қойылған найыбы Бабажан сарттың көне Жанкент шаһарының маңындағы бекінісі Бесқаланы аларда ерлік көрсеткен. Ақтан батыр бастаған қазақ сарбаздары камалды қоршауға алып, Бабажанды қолға түсіріп, Жанқожа батырдың үкімімен жазалаған.

Ақтан батырдың бейіті Ақтөбе облысының Берсүгір бекетінің батысына қарай 30-35 шақырым қашықтықтағы Тебенсай деген жерде. Бұрынғы Арықбалық елді мекеніне Ақтан батырдың есімі берілген.

АҚТАН КЕРЕЙҰЛЫ ***туғанына 175 жыл (1850-1912)***

1850 жылы Ақтөбе өңіріндегі Байғанин ауданы Сағыз өзенінің бойында дүниеге келді. Ақын, жыршы. Қазақтың Абыл, Махамбет, Шернияз, Нұрым, Марабай ақындарды өнеге тұтқан. Жем мен Сағыз, Ойыл мен Жайық бойындағы жұртқа атақ-даңқы кезінде кең жайылған Ақтан Керейұлы әрі арынды ақын, әрі ағынды жыршы болған. Айтқыштығымен аты шығып, халық арасында белгілі «бес жорға» атанған саңлақтардың бірі.

Кейінгі ұрпақа елуден астам батырлар жырын жеткізіп, қазақ әдебиетінің алтын қорына қымбат қазына сыйлаған атақты Мұрын жырау көп қиссаны осы Ақтаннан мирас еткен. Нұрым, Қашаған, Аралбай, Құлмамбет, Қоспақ сынды жүйріктермен үзеңгілес жүріп өнер өрбіткен.

Ақын жыраудың «Аяғына қан түссе», «Біріншіден не жаман», «Той бастар», «Бата», «Біразырақ сөйлейін», «Заман жайында», «Тыңдасаңыз сөзімді», «Ерлік жыры» т.б. терме толғаулары бар.



Ақын жырлары «Ертедегі әдебиет нұсқалар» (1967), «Ақберен» (1972), «Өсиетнаме» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985-1989), «Жырдария», «Абыл, Нұрым, Ақтаным» (1997), «Жәдігер» Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы (2006), «Адырна» Ақтөбе кітапханасы (2011), «Ақындар аманаты» (2014) жыр жинақтарына енген. 1912 жылы Байғанин өңіріндегі Шибұлақ деген жерде өмірден өткен.

ӘБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
туғанына 1155 жыл (870-950)

Әл Фараби есімі орта ғасырлардағы араб философиясының қалыптасуымен және дамуымен байланысты. Қазақ даласының ұлы Аристотельдің ізбасары, өз заманның дарынды ойшылы және ғұлама ғалым.

Әл Фараби Отырар (арабша – Фараб) қаласында дүниеге келді. Бұл жерде Ұлы Жібек жолының екі бағыты қалыптасты, олар Еуропаға жол алды.

Бұл жерде шамамен X ғасырдың 70-ші жылдарында (басқа дереккөздерде – 875 жылы) Әл Фараби дүниеге келген. Тарихшылар болашақ ғалымның көне түрік отбасында дүниеге келді деген тұжырымға келді. Баланың асыл текті екендігі (оның әкесі әскери адам болған) даусыз.

Әл Фарабидің толық аты - Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл Фараби әл-Түрки ақсүйектерді куәландырады. «Тархан» атауы адамның түркі ақсүйектеріне жататынын білдіреді.

Тарихшылардың пікірінше, жиырма жылға дейін Әбу Насыр әл Фараби Отырарда өмір сүрген. Мұнда ол әлемді танып білуге саяхат жасады. Үлкен сауда қаласына тек саудагерлер ғана емес, сонымен бірге саяхатшылар, ғалымдар, ақындар мен дін уағыздаушылар да келді. Сол кездегі ең үлкен құндылықтардың бірі - кітаптар. Сондықтан керуендер өздерімен бірге көне қолжазбаларын алып келді. Олардың кейбіреулері Отырарда қалды.



Білуге құштар және әл-Фараби мүмкіндігінше көп білуге тырысты. Оны бәрі қызықтырды: астрономия мен медицина туралы трактаттар, ұлы философтардың теориялары, психология мен педагогика негіздері, логика, құқық және музыка. Сондықтан ең көне кітаптар жинағының құрылуы, Отырар кітапханасының пайда болуы оның есімімен байланысты болуы ғажап емес.

Әл Фараби көп саяхаттады. Шашта (Ташкент) және Самарқандта, кейінірек Бұхарада оны білімге деген құштарлық дамыды. Бұл қалаларда жас жігіт оқып, жұмыс істеді. Әл Фараби Аристотельдің - ежелгі грек ойшылының ойлары қызықтырды және олардың әсерінен ол өз өмір жолын өзгертті.

40 жасында (910–912) әл Фараби Бағдадқа, ортағасырлық араб әлемінің ғылымы мен өнерінің орталығына барады. Мұнда ақындар, философтар мен шешендер жиналды. Бір таңқаларлығы, ғалым түркі тобының көптеген тілдерін жақсы білген, бірақ араб тілін білмеген. Бағдадта ол орта ғасырлардағы даналар сөйлейтін екі тілді - ежелгі грек және араб тілдерін игереді. Жалпы алғанда, философ 70 тілін білген. Ежелгі грек ғалымдары Аристотель, Евклид, Платон, Гален шығармалары арқылы әл Фараби логика заңдылықтары, білім теориясының негіздері туралы білім алды.

Ғалым өзінің өмірінің соңғы жылдарында Мысырға сапар шегіп, 940 жылдардың соңында Дамаскіге оралады, ол қайтыс болғанға дейін бұл қаладан кетпеді. Сексен жаста әл Фараби қайтыс болады. Әл Фарабидің еңбектері (100-ден астам ғылыми еңбектер - трактаттар) ортағасырлық философия мен Ренессанс философиясының негізін құрады. Ол араб әлемінің ғылымын еуропаландыруға, ғылыми білімді жүйелеу еңбек сіңірді.

Ғалымның білім теориясының дамуына қосқан орасан зор үлесін оның XX ғасырдағы отандастары бағалады: екінші мыңжылдықтың соңында Қазақ ұлттық университетіне оның есімі берілді.



НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН *туғанына 160 жыл (1860-1945)*

Нұрпейіс Байғанин 1860 жылы Орал губерниясы, Темір уезінде қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданында туған. Нұрпейістің әкесі Байғана жоқшылықты көп көрген, Барсай, Досжан деген ірі байлардың қойын бағып күнелткен. Анасы Үміт өте ажарлы, сымбаты мен ақылы бірдей жарасымды келген, оның үстіне ел таныған әнші, күйші болған кісі болған.

Бала Нұрпейіс, ата кәсібін етіп, қозы соңында жүріп қанша шаршаса да, қиналса да кешке үйге келгенінде анасының әсем әнімен ұйықтап, анасы тартқан құдыретті домбыраның қоңыр үніне құмартады. Мұны сезген сезімтал ана баласын өнерге қызықтыра түседі, баули түседі.

Үміт ақын да болыпты деседі. Басқадан естіген өлеңді тез жаттап алып бұлжытпай айтуға машықтанады. Өзі де өлеңді жанынан шығаруға әуестенеді. Әуелде өз өнеріне онша мән бермей жүрген талапты жас, кейін айтқан өлең-жырын жұрт ықыласпен тыңдайтынын байқайды.

Үкімет пен партия Нұрпейіс Байғаниннің көп жылғы жемісті еңбегін өте жоғары бағалады: 1939 жылы ақынға «Қазақ ССР-ның өнерге еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атақ берді және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының грамотасымен наградтады. Міне, осыдан былай қарай қазақтың атақты төкпе ақыны, жырауы Нұрпейіс Байғаниннің шығармалары мұқият жиналып, жарияланып, зерттеле де бастады. Нұрпейіс Байғанин 1945 жылы Ұлы жеңіс күніне аз қалғанда, 9 апрель күні дүние салды. Бірақ оның артында Қазақстанның шындық бейнесін суреттейтін, қазақ халқымен бірге жасайтын мұхиттай терең, әрі таусылмас мол мұрасы — тамаша жырлары қалды. Нұрпейіс Байғанин жан-жақты, көп қырлы ақын.

Бір жағынан ол асқан төкпе (импровизатор) ақын болса, екінші жағынан творчествосының басым жағы оның халықтың дәстүрлі батырлық, ерлік дастандарын жырлауында жатыр. Басқа ақын-жыршылардан бөлек айрықша көзге түсетін ерекшелігі де осында.



Нұрпейіс өлеңдері соншалықты әсерлі, жанды, жалынды суретті болып келеді. Айтайын деген ойын көз алдына айқын етіп елестетіп отырады. Нұрпейіс жырларын оқығанда оқушының жалықпайтыны да, еліге, құмарта оқитыны да содан. Нұрпейіс Байғанин соңына мол әдеби мұра қалдырған көрнекті халық ақыны.

СҰЛТАН БАЙМАҒАМБЕТОВ
туғанына 105 жыл (1920-1943)

Баймағамбетов Сұлтан Біржанұлы 1920 жылы Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қояндыағаш ауылына дүниеге келіп, 1943 жылы шілденің 25-і күні Ленинград облысы Киров ауданы Синявино елді мекенінде қаза тапқан. Кеңес Одағының Батыры.

1940 жылы әскер қатарына алынып, 1941 жылдың маусым айынан бастап Ұлы Отан соғысына қатысты. Алдымен мергендер ротасында, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінде қызмет етті. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) түбіндегі ұрыстарда 50-ден астам дұшпанның көзін жойды. 4 рет жараланған.

1943 жылғы шілдедегі Ленинградты Үлкен жермен байланыстырып тұрған тар өткелді кеңейту үшін жүргізілген ұрыстарда Баймағамбетов Ленинград майданының 67-армиясы 43-атқыштар дивизиясына қарасты 147-атқыштар полкінде пулемет бөлімшесінің командирі болды. 1943 жылы 25 шілде күні болған шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының шешімімен Баймағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (21.2.1944).

Қостанай қаласы мен Әуликөл кентіндегі ауылда екі көшеге Баймағамбетов есімі берілді. Қояндыағаш ауылында ескерткіш орнатылған.



ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ ***туғанына 1005 жыл (1020)***

Жүсіп Баласағұнидің өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұниға «хас хажиб» - «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген.

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14-ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа 12-ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты.

Венгр ғалымы Герман Вамбери (1832 - 1913) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, аудару ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов (1837 - 1918) жиырма жыл бойы (1890-1910) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған.



Оны Қаримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күн туды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

БЫЛШЫҚ БИ ***туғанына 165 жыл (1860-1933)***

Былшық би (1860-1933) - Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтөбе ауылы, Ақсу елді - мекенінде дүниеге келген. Ол тек Ақтөбе облысының ғана емес, күллі Кіші жүздің кенже бии. Қазақ тұрмысында жиі кездесетін бес дауды: жер, жесір, құн, мал және ар дауын шешкенде, қара қылды қақ жарғандай тура төрелік жасап, әділдігімен халықтың аузына іліккен айтулы билердің бірі.

Бидің ата - тегі төмендегіше тарайды: Әлім - Төртқара - Құламан. Одан бері таратса Құламанның Андағұлы. Атасы Әбдібай дәулетті кісі болған. Қазір Бақсайыс бойында киелі деп аталатын орындардың бірі осы кісінің есімімен тығыз байланысты. Шалқарлық Мырзағұл мен Жағалбайлы Дербісәлі арасында болған бір жесір дауында 12 жасар Былшық би екі жаққа бірдей ұнайтын әділ төрелік айтып, көп көзіне түседі.

Сол арада елдің игі жақсылары бата жасап, оған би атағын береді. Бидің азан шақырып қойған шын аты - Құтаяқ. Былшық аталып кетуі көзінің жасаурай беруінен екен. Ол " халық жауы" ретінде 1928 ж. сотталып, 1933 ж. Ақтөбенің №5 түрмесінде аштан өледі. Былшық бидің 9 ұлы болған .

Олардан таралған ұрпақтар қазір Әйтеке би, Алға, Ырғыз аудандары мен Ақтөбе қаласында тұрады.



Былыштық бидің түрмеден елге жолдаған соңғы хаты - өлеңмен жазылған. Бұл толғау қоштасуы - "Ата толғауы" деп аталады. Соңғы жылдары әртүрлі мерзімдік басылымдарында жарияланды. Комсомол селосындағы бас көшелердің бірі Былыштық бидің есімімен аталады.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ
туғанына 535 жыл (1490-1523)

Доспамбет жырау (1490–1523) — жырау, қолбасшы, батыр. Доспамбет жырау қазақ халқының қалыптасу кезеңінде өмір сүрді. Кіші Ноғай ордасында әскери қолбасшы болды. Дешті Қыпшақты көп аралаған, Бақшасарайда, Стамбұлда болған. Қырым ханының жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан.

Доспамбет жырау тайпааралық ұрыстардың бірінде 1523 жылы Астрахан маңында қаза тапты. Доспамбет жырау жырларынан оның мұрат-мақсаты, түсінік-талғамы, дүниеге көзқарасы анық аңғарылады. Отан қорғау, елге, жерге деген сүйіспеншілікті бейнелейтін жырларында қырым, ноғай, қазақ жұртының іргесі бүтін, ешкімге бас имейтін ел болып отырған заманды аңсау сарыны байқалады.

Жырау ол заманды қайтып келмес бақытты өмір ретінде толғайды. «Айнала бұлақ басы таң», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенің», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» т. б шығармалары бар. Жырау өткен өмірді жырлағанда туған ел, өскен жерге деген ыстық махаббатын келер ұрпақ болашағымен байланыстыра сипаттайды. Олардың да ертең еліне қорған, тірек болуын қалайды.

Доспамбет жырау өз басын өлімге тігіп, сан рет қанды шайқастарға қатысқан ата қонысын үлкен сүйіспеншілікпен толғайды. Жырау ел қорғау, жорық тақырыбына арналған жырларында елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бәрінен биік қояды. Ол серілік пен сақилықты, дарқандықты, қонақжайлылықты ата-бабадан келе жатқан асыл дәстүр ретінде дәріптейді.



Доспамбет жырау шығармалары қазақ поэзиясы тарихында өзгеше көркемдігімен, екпінді ырғағымен ерекшеленеді. Жырау айтайын деген ойының қуатын еселеп арттыру үшін қайталауларды жиі қолданады. Сөйтіп, оларды ұтымдылықпен пайдаланып, ойдың әсерлілігі мен, өткірлігін күшейте түседі.

Доспамбет жыраудың ерлік пен елдікке үндейтін толғаулары Бұқар жырау, Махамбет сынды өзінен кейінгі ақындарға елеулі әсер еткені байқалады. Бұл дәстүр толыса, кемелдене келе жаңа сипатқа ие болды. Жыраудың шығармалары біздің заманымызға толық жетпеген. Оның жырларының көпшілігі жорық үстінде қолма-қол айтылған. Сондықтан ел жадында сақталғандары ғана бізге жеткен.

Осы азғана жырларының өзінен-ақ оның жырды түйдек-түйдегімен ағытатын дауылпаз жырау болғаны аңғарылады. Доспамбет жыраудың жырлары ертеректе 1893 жылы М. Османовтың «Ноғай уа құмық шығырлары» атты жинағына енген.

Кейін 1896 жылы В. Радловтың «Халық әдебиетінің үлгілері» деген жинағына басылды. Оның жырлары «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды», т. б. сан алуан хрестоматия, жинақтарда үздіксіз жарияланып келді.

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨМУ құрылғанына 90 жыл (1935)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тарихы Қазақ КСР ХКК-нің 1931 жылдың тамызындағы жалпыға бірдей 7 жылдық білім беруді енгізу туралы, Қазақ КСР-і халық ағарту комиссариатының №163, 1934 жылғы 13 желтоқсандағы Ақтөбе облыстық БКП(б) бюросының № 65 қаулысы негізінде жоғары білім беретін екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институты ретінде ашылуымен басталады.

Институттың негізгі міндеті орта мектептер үшін жоғары білікті мұғалім кадрлар дайындау болып табылды.



Алғашқы директор қызметіне Залиев Нұғман бекітілді.

1935 жылы институттың алғашқы профессорлық-оқытушылық құрамы 1 профессор, 1 доцент, 10 оқытушы, барлығы 12 адамнан жасақталды.

Институттың мамандар дайындау қызметі 1935 жылдың 1-ші қаңтарында екі жылдық тарих, физика-математика және дайындық бөлімдерінің ашылуымен басталды. Алғашқы оқу жылына жоспарланған 70 студенттің орнына 81 студент, оның ішінде, тарих бөліміне – 33, физика-математика бөліміне – 35, дайындық бөліміне – 13 адам қабылданды.

1945 жылдың 14 сәуірінде институтқа Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ақын, жерлесіміз Нұрпейіс Байғаниннің аты берілді.

1947 жылы «Қазақ ССР-де арнаулы және жоғары білім беруді дамыту туралы» КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылдың 16 қарашасындағы №75 қаулысына сәйкес Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институты базасында 2 жылдық қыздар педагогикалық институты ашылды.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылдың 4 тамызындағы №1293-Р және Қазақ КСР Оқу ағарту министрінің 1958 жылдың 6 тамызындағы «Ақтөбе педагогикалық институты туралы» №169 бұйрығы бойынша жабылды.

1966 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 15 сәуірдегі № 261 қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтының болып қайта ашылды.

Алғашқы екі факультетте, яғни физика-математика және филология факультеттерінде күндізгі бөлімде - 250, сырттай бөлімде - 100 студент физика және математика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша білім алды, 23 оқытушы, оның ішінде 4 ғылым кандидаты мен доценттер сабақ берді.



Қазақ КСР - і Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 23 ақпандағы № 72 қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтына қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, лингвист-ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 573 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 163 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне мемлекеттік мәртебе берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы №128 қаулысы бойынша құрамынан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бөлініп шығуына байланысты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы №529 Қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бірігуі арқылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы №752 қаулысына сәйкес «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып құрылды.



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ құрылғанына 560 жыл (1465)

Қазақстан тарихында *Қазақ хандығы дәуірі* деп аталатын кезеңге XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы жатады. XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен Қазақ хандығы құрылады. Ол мемлекет қазақ жерінде сақ дәуірінен бері жалғасып келе жатқан мемлекеттіліктің жалғасы және қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналады. XIX ғасырдың бірінші ширегінде Ресей билігі алдыменен Орта жүзде (1822), содан кейін Кіші жүзде (1824) хандық билікті жояды.

Үш жарым ғасырдан астам өмір сүрген Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде екі үлкен тарихи кезеңге бөлінеді. Біріншісі - бір орталықтан басқарылған кезең, екіншісі - бытыраңқылық кезең деп аталады.

Бірінші кезеңге хандық құрылғаннан 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатса, ал екінші кезең 1715 - 1824 жылдар аралығын қамтиды. Бірінші кезең тағы да өз ішінде шартты түрде бірнеше кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар – хандықтың құрылуы, күшеюі, әлсіреуі, қайта өрлеуі, өзара талас немесе «текетірес», жоңғарлармен алғашқы күрес, «алтын ғасыр» кезеңдері. Осы кезеңде Қазақ хандығында мынадай хандар билік жүргізді: Керей хан, Жәнібек хан, Бұрындық хан, Қасым хан, Мамаш хан, Тайыр хан, Бұйдаш, Ахмет, Тоғым хандар бір мезгілде, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тұрсын хан, қайта Есім хан, Жәнібек хан, Жәңгір хан, Тәуке хан.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін екінші кезең – бытыраңқылық кезең басталып Қазақ елінде - Ұлы жүзде, Орта жүзде және Кіші жүзде жеке хандар пайда болады.



БӨКЕНБАЙ БАТЫР ҚАРАҰЛЫ *туғанына 345 жыл (1680-1774)*

Бөкенбай Қараұлы (т.ж.б. - 1741) - Әбілқайыр хан жасағы қолбасшылығының бірі, батыр.

Кіші жүздің табын руынан шыққан. Жастайынан өзінің ағаларымен бірге жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске шығып, ерлігімен көзге түсті. 18-ші ғасырдың бас кезінде табын руына рубасы болып сайланды. 1710 жылы Тәуке ханның ықпалымен өткен Қарақұмдағы халық құрылтайына қатысып, онда жауға тегеуірінді соққы беру үшін бытыраңқы қазақ жасақтарын біріктіру жөнінде ұсыныс білдірді.

Жоңғарлармен күресте Әбілқайыр ханмен бірге болып, қазақ жасақтарының үлкен бір тобына қолбасшылық жасады. 1726 жылы Әбілқайырдың Еділ қалмақтарына жасаған жорығына қатысты. Ол Кіші жүз қазақтарының Ресей империясы қол астына өтуін қолдады. 1731 жылы қазанда Ресей бодандығын мойындайтындығы жөнінде ант берді.

Мұндай антты 1740 жылы тамызда Ор бекінісінде екінші рет қайталады. Ресей патшайымы Анна Иоановна Бөкенбай батырға күміспен өрнектелген қылышты арнайы сый ретінде жіберді. Бөкенбай батыр 1741 жылы 500 адамнан тұратын жасақпен түрікмендерге жорық ұйымдастырды.

Ол осы жорық кезінде түрікмендермен болған шайқаста қаза тапты. Қазіргі Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы қыраттың бірін халық Бөкенбай батырдың құрметіне «Бөкенбай шоқысы» деп атап кеткен. Дереккөзі: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2 том



МАХМУД ҚАШҚАРИ
туғанына 995 жыл (1030-1126)

Толық аты-жөні Махмұд ибн Әл-Құсайын ибн Мұхаммед. Қарахандардың ақсүйектерінен шыққан. Қазіргі Қазақ-стан жерінде болған Барысқан қаласында туып, Қашқарда қызмет еткен. Махмұд Қашқари түркі халықтарының тұңғыш филологы. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеген ұлы ғалым.

Әйгілі «Диуани луғат-ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегінің авторы. 8 кітаптан тұратын осынау еңбекте 6800-дей түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген. «Диуани луғат-ат-түрік» ерте орта ғасырдағы түркі халқының энциклопедиясы іспетті. Данышпан ғалымның, сондай-ақ ең ежелгі түркі картасы деп танылған Дөңгелек картасы да белгілі. Онда түркі халықтарының таралым аймағы көрсетілген. ЮНЕСКО ұйымының ұйғарымымен 2008 жыл «Махмұд Қашқари жылы» деп жарияланған болатын.

МӨҢКЕ БИ
туғанына 350 жыл (1675-ө.ж.б)

Тілеуұлы Мөңке би — белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. Шамамен 1675 жылы дүниеге келген. Ата тегі шежіре бойынша өз әкесі Тілеу әрі қарай Айт, Бөлек, Қалу, Сирақ, Мұса хан, Уақас би, Нұраддин болып жалғаса береді. Әбілқайыр хан дүние салған соң Нұралы ханның билігін тану туралы Елизавета Петровнаға жазылған хатқа Орта жүздің беделді адамдары Жәнібек тархан мен керей Наурыз би бастаған топпен, сондай-ақ Кіші жүздің 30 би, батырларымен бірге қол қойған.

Мөңке би өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдырған жырау ретінде танылды.

Мөңке бидің философиялық толғаулары, риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі.



Көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда заман аңысын аңдап, оның келешек кескін-кейпін дәл болжай білу Мөңке би шығармашылығының басты белгісі. Оның “Түрлі-түрлі халық болады, Күндіз-түні жарық болады... Дүниенің жүзіне, Өре мен темірден жол тартылады... Адам ақысыз жұмыс істемейді, Дүниені түрлеп кестелейді” деген толғау жолдарынан келер күнді болжаған сәуегейлік көрінеді.

БЕКЕТ МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ
туғанына 275 жыл (1750-1813)

Бекет Ата Мырзағұлұлы (шамамен 1750-1813) - қазақтың батыры, қолбасшы, ағартушысы, ойшылы, сәулетшісі. Жастайынан оқу-білімге құмар, ерекше дарынды, парасатты болған. Хорезмдегі Пақыржан қажыдан оқыған. Көзінің тірісінде оның қабілетін, қызметі мен жеке басына төн жаратылысын сипаттайтын ерекше төрт қасиеті болған:

біріншісі - халықтың тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр;

екіншісі - ғылымның қиын жолымен жүріп өтіп, балаларды білім нәрімен сусындатқан ағартушы;

үшіншісі - ежелгі дәстүр бойынша көптеген елді мекендерде мешіттер мен медреселерге арнап ғимараттар салған сәулетші;

төртіншісі - мүсәпірлер мен ауруларға қол үшін берген ерекше дарынды, атпал азамат және аса маңызды оқиғаларды болжай білген сәуегей.

Бекет атаның бұл қасиеттері көзінің тірісінде-ақ ел арасында аңызға айналғаны сонша, «Мединеде - Мұхаммед, Түркістанда - Қожа Ахмет, Маңғыстауда - Пір Бекет» деген сөз сол кезде шықса керек. Сондықтан да оның ел алдында мәртебесі биік болған, сәуегей ретінде құрметтеп, пір тұтатын.

Халық мұндай асыл азаматқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін ұрпақтан-ұрпаққа аңыз арқылы жеткізген. Әрине, аңызға ақиқат ретінде қарауға болмайды, дегенмен, Бекет атаның атына байланысты жазылған әңгімелер оның өмірінен алынған.



Қалың жауға қарсы қол бастап, қарсы шапқан қаһармандығымен Бекет батыр атанған. Шайқастарда Бекет батырға оның мейрімділік, әділдік сияқты адал қасиеттерінен туындаған бейбітшілікке деген сүйіспеншілігі сүйеу болған.

Адам баласына көмектесуді және оларға білім беру, жақсылық жасауды Бекет ата Алланың бұйрығы деп санаған. Бекет ата жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан.

Қазіргі таңда Бекет атаның Адамдықтың Ақ жолы, Әулиелік өсиеттері өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуде көп септігін тигізіп отыр. Іс-әрекеті мен қадір қасиеті аңызға айналған Бекет ата Маңғыстауда, Оғыландыдағы өз мешітіне жерленген. Көпшілік Бекет атаны әулие тұтып, қабіріне түнейді.

Бекет ата ескерткіштері - Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет ата есімімен байланысты жерасты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. XIX ғасырда Үстіртті зерттеген топограф Эдуард Эверсман, Александр Дюгамель ғалымдар сол аңыз-әңгімелердің негізінде жинаған деректерін жазып қалдырған.

Эдуард Эверсман: «Үстірттегі таудан үңгіп жасаған мешіттер араб, парсы жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткішті Бекет төрт жерде жасаған. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда», - дейді. Бекет ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Оғыландыдағы ғимарат жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат көлеміндей үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Жерасты ғимараты маңында Бекет ата пайдаланған бұлақтар, құдықтар бар.

Ел жадында қалған әңгімелерде Жем бойындағы Ақмешітте Бекет ата бала кезін, ал өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген.



ҚАЗТУҒАН СҮЙІНІШҰЛЫ **туғанына 605 жыл (1420-ө.ж.б.)**

Қазтуған Сүйінішұлы (1420, қазіргі Астрахан облысы Красный Яр қала маңы - ө.ж.б.) - жырау. Қазтуған Сүйінішұлының туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазақтың XV ғасырдағы айтулы жорық жырауы. Әскербасы, батыр болған.Еділдің Ақтума, Бозан бойларында туып-өскен. XV ғасырдың орта шенінде іргесі жаңадан қаланған Қазақ хандығына қоныс аударған.

Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Дегенмен, бізге жеткен жекелеген туындылары оның әдебиет тарихы төрінен орын алуға лайықты екенін айғақтайды. Оның поэзиясы жауынгерлердің көшпелі өмірін, көзқарасын суреттейді. Және олардың тұрмысын, айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын бейнелейді.

Ақын-жыраудың қиялының жүйріктігі, өткірлігі, бай және әдемі көркемдік әдістері сол дәуірдегі қазақтардың поэтикалық өнерінің жоғары деңгейде болғанын, сонымен бірге, өзіндік ерекшеліктері бар екенін білдіреді. Ұлттық бояуы жағынан айқын суреттелген, жасампаз романтикамен көркемдеген, нақылдық ой орамдары мен көркемдік тіркестерге бай. Қазтуған жырау өлеңдері көп ғасырлық өнер мектебі мен әдеби үлгі ретінде санамыздан орын алды.

Қазтуған жыраудың "Мадақ жыры", "Туған жермен қоштасу" сынды туындыларын ежелгі қазақ поэзиясының таңдаулы үлгілеріне жатқызуға болады. Ақынның халық жыраулары арқылы жеткен бірқатар толғаулары И.Березиннің "Түрік хрестоматиясында" (1862), Ғабдолла Мұштақтың 1910 жылы шыққан "Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары" жинағында, М.Мағауиннің "Алдаспан" кітабында (1970) жарияланды.



АБЫЛ ТАРАҚТЫҰЛЫ *туғанына 205 жыл(1820 – 1892)*

XIX ғасырда қазақтың кең-байтақ даласында ұлттық музыка өнерінде өзіндік тың мектеп қалыптастырған ірі тұлғалар аз болған жоқ. Соның бірі Маңғыстау күйшілік мектебінің ірі тұлғасы – Абыл Тарақұлы.

Абыл Тарақұлы 1820 жылы Желтау деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Тарақ төңірегіне сыйлы, орта дәулетті адам болған. Академик Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» еңбегінде Абылдың әкесі Тарақ туралы мынадай дерек келтірілген.

«Тарақтың өзі айтарлықтай ісімен көзге түспеген. Ол ата жолы бойынша ат жалын тартып мінгеннен бастап, найзагер, қылыш сермеу, оқ ату тәсілдерін жетік білді. Ол дала халқына тән батырлық қасиеттерден құралақан емес, сондай-ақ аздап болса да домбыра тарта білді. Одан бөлек ауыл арасында сыйлы, құрметті адам болды». Ал анасы Таразы ауыл арасында әнші болса керек.

Ол туралы да академик Ахмет Жұбанов: «Ол бойжеткен кезінде қыз ұзату тойларында жақсы ән салатын. Сол үшін Оймауыт-Желтаудың бірсыпыра жігіттері Таразыға көз салып, ғашық болып, оны алғысы келді. Бірақ ол талбесіктен Тарақпен атастырылып қойған соң, ешкімге мүмкіндік бұйырмады. Таразы кішкентай Абылды әлдилеп отырып, ұшы-қиыры жоқ көп әндер мен бесік жырларын айтатын», дейді.

Абылдың негізгі азан шақырып қойған шын есімі – Абылай.

Абылдың ата-тегін шежіремен өрбітер болсақ, «Адай – Құдайеке – Қосай – Байбол – Есенғұл – Қоңыр – Қарабөрік – Бертіс – Тарақ – Абыл» болып тарайды екен. Абылдан Айсара, Жансара, Гүлсара деген үш қыз туыпты. Үшеуі де Жайық бойындағы Байұлына тұрмысқа шығады.

Абыл домбыраны ең алғаш рет Қашқар күйшіден үйренеді. Жиырма жасқа келгенде керемет домбырашы болады. Сол уақытта бала кезде анасынан естіген бесік жыры мен әндерді домбыраға салады екен. Абылдың «Ақжелең» күйі сол шамаларда шықса керек. Кейін дарынды күйші Боғда Қараұлымен кездесіп, одан «Бозтөбе» және «Жем суы» күйлерін үйренеді.



Қазіргі таңда Абыл шығармаларының ішінде халыққа кеңінен мәлім «Абыл» және «Нарату» күйі. Бұл шығармаларды 1927 жылы алғаш рет орыстың музыка зерттеушісі Александр Затаевич атақты халық композиторы Мұхит Мералыұлының немересі Ғұбайдұлла Мұхитовтен жазып алады. Кейін Ғұбайдұлланың ағасы Ұлықпан 1934 жылы Алматыда өткен Бүкіл қазақ көркемөнерпаздарының II слетінде, бұл шығармаларды академик Ахмет Жұбановқа жаздырады.

«Абыл» күйі – халық арасында аты аңызға айналған туынды. А.Затаевич «Абыл» күйіне мынадай сипаттама берген: «Басталуы, аяқ алысы ауыр, зілді, салмақты болып келгенімен, аздан соң құлашын кеңге тастап, аспандап, өзінің қарқынды қызу күшін көрсетеді. Мұндай сипат бұл тектес шығармаларда сирек кездесетін жайт. Енді негізгі бөлімнен кейін күйдің нәзік, майда әуенді екінші бөлімі басталады.

Одан кейін соңғы өрістеу негізгі элементтерден құралып, шалқыған кең толқумен жүрісі жайлап барып бітеді. Бұл пьесаның құрылысы – оның негізінде бір поэтикалық бағдарламасы болғанын анықтайды. Бұл музыкалық поэманың кейіпкері тарихта болған», депті.

